

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 498 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 168 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.03.2015 № 168 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі **С. Ахметов**

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 1 3 ж ы л ғ ы 1 7 м а м ы р д а ғ ы
№ 4 9 8 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 13 сәуірдегі № 301 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:
көрсетілген қаулымен бекітілген «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасында (бұдан әрі – Бағдарлама):

«Бағдарламаның паспорты» деген 1-бөлімде:

«Әзірлеуші Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігі»

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«Әзірлеуші Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі»;

Республикалық бюджетте «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасын іске асыруға:

«Қаржыландыру көздері мен көлемі	2010	–	15,4	млрд.	теңге
	2011	–	41,2	млрд.	теңге
	2012	–	70,3	млрд.	теңге
	2013 – 70,3 млрд. теңге көзделген.»				

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

		Республикалық бюджетте «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасын іске асыруға:			
	2010	–	15,4	млрд.	теңге
«Қаржыландыру көздері мен көлемі	2011	–	28,3	млрд.	теңге
	2012	–	36,6	млрд.	теңге
	2013	–	39,1	млрд.	теңге
	2014	–	34,9	млрд.	теңге
	2015 – 34,2 млрд. теңге көзделген.»;				

«Кіріспе» деген 2-бөлімде:

төртінші бөліктің үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«уәкілетті мемлекеттік орган мен арнайы белгіленген комиссиялар және кеңестер арқылы мемлекет субсидиялау, кепілдік беру, гранттар беру және (немесе) мемлекеттік қолдаудың басқа да шараларын ұсыну мүмкіндігі жөнінде шешім қабылдайды.»;

мынадай мазмұндағы бесінші бөлікпен толықтырылсын:

«Қазақстан Республикасы резиденттерінің қатарынан қазіргі жұмыс орындарын сақтап қалу және жаңаларын құру Бағдарлама шарттарының бірі болып табылады.»;

бесінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Акцизделетін тауарлар шығаруды көздейтін жобалар банктердің кредиттері/Банктердің/Даму Банкінің/Лизингтік компаниялардың қаржы лизингінің шарттары бойынша сыйақы ставкаларын субсидиялауға жатпайды.»;

сегізінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Мынадай:

кредиторы Даму Банкін қоспағанда, мемлекеттік даму институттары болып табылатын;

қаржы институттары ауыл шаруашылығы өнімін қайта өңдеуге беретін, сондай-ақ Ауыл шаруашылығы министрлігінің бюджеттік бағдарламалары шеңберінде субсидияланатын;

Тұрақтандыру және дағдарысқа қарсы бағдарламаларды қоспағанда, басқа мемлекеттік бағдарламалар, оның ішінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 225 қаулысымен бекітілген Дағдарыстан кейін қалпына келтіру бағдарламасы (бәсекеге қабілетті кәсіпорындарды сауықтыру) және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 14 наурыздағы № 254 қаулысымен бекітілген «Өнімділік 2020» бағдарламасы шеңберінде мемлекеттік қолдау алған кәсіпкерлердің кредиттері/Қаржы лизингі шарттары;

овердрафт түріндегі кредиттер субсидиялауға жатпайды.»;

он екінші бөлікте:

бесінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«уәкілетті орган – Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігі»; жетінші, сегізінші және он бірінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:
«қаржы агенті – «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Бағдарлама шеңберінде:

сыйақы ставкасын субсидиялау шеңберінде Банктерге/Даму Банкіне/Лизингтік компанияларға қаржылай қаражат аудару; борышкерлер бойынша Мемлекеттік комиссия мен Жұмыс тобының отырыстарына ұсынылатын материалдар жөнінде ұсынымдар тұжырымдау»; мынадай мазмұндағы он екінші, он үшінші және он төртінші абзацтармен толықтырылсын:

«субсидиялаудың іске асырылуын мониторингілеу; кепілдік берудің іске асырылуын мониторингілеу; грант берудің іске асырылуын мониторингілеу; Бағдарламаның іске асырылуын мониторингілеу жөніндегі функцияларды жүзеге асырады.»;
мынадай мазмұндағы он екінші және он үшінші бөліктермен толықтырылсын:

«Жұмыс органы – Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрлігінің «Кәсіпкерлікті дамыту комитеті» мемлекеттік мекемесі.

Шекара маңындағы аумақтар – тараптардың әкімшілік-аумақтық құрылымдарының тараптардың мемлекеттік шекарасына іргелес жатқан және олардың ұлттық заңнамасына немесе олар қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес осындайлар ретінде айқындалатын аумақтары немесе аумақтарының бір бөлігі.»;

«Міндеттер» деген 4.3-бөлімде: төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Уәкілетті орган Бағдарламаның бірінші, үшінші және төртінші бағыттарын іске асыру мақсатында жергілікті бюджетке нысаналы трансферт беруді жүзеге асырады және әрбір облыс, астана, республикалық маңызы бар қала үшін қаржыландырудың жалпы лимитін айқындайды.»;
мынадай мазмұндағы тоғызыншы, оныншы, он бірінші және он екінші бөліктермен толықтырылсын:

«Кеден одағы елдерінің кәсіпкерлік әлеуетін жұмылдыру Қазақстан Республикасының шекара маңындағы ресурстық әлеуеті және Ресей Федерациясы мен Беларусь Республикасының резиденттері бірлесіп қатысатын кәсіпорындар құру қажеттігі бар аумақтарында қаржылық және қаржылық емес қолдау шараларын ұсыну арқылы жүзеге асырылады.

Қаржылық және қаржылық емес қолдау шараларын ұсыну жобаларын Қазақстан Республикасының аумағында іске асыратын, Кеден одағына қатысушы

елдер кәсіпкерлерінің қатысуымен жаңадан құрылған және штат санының кемінде 80 %-ына Қазақстан Республикасының азаматтарын жалдауды қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасының резиденттері – жеке кәсіпкерлік субъектілеріне жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының шекара маңындағы аумақтарында жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қаржылық және қаржылық емес қолдау шараларын ұсыну мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

1) өндірістер/көрсетілетін қызметтер кәсіпорындарын құру үшін Кеден одағына қатысушы елдердің кәсіпкерлік әлеуетін тарту;

2) жобаларын экономиканың басым секторларында іске асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің санын ұлғайту;

3) тауарлардың Кеден одағының шегінен тыс экспортын ұлғайту және бәсекелес орта құру үшін шекара маңындағы аумақтарда өндірістерді/көрсетілетін қызметтер кәсіпорындарын кеңейту;

4) жобаларын шекара маңындағы аумақтарда іске асыратын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бизнесін кеңейту.

Жоғарыда көрсетілген бағыттарды іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының шекара маңындағы аумақтарында жеке кәсіпкерлік субъектілерін қолдаудың Бағдарламада көзделген құралдары қолданылатын болады.» ;

«Бірінші бағыт: жаңа бизнес бастамаларды қолдауда»:
екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Бағдарламаны іске асырудың бірінші бағытының шеңберінде мемлекеттік қолдау мыналарды қамтиды:

жобаларды іске асыру үшін Банктердің/Даму Банкінің/Лизингтік компаниялардың кредиттері/Қаржы лизингі шарттары бойынша номиналды сыйақы ставкасын субсидиялау;

Банктердің/Даму Банкінің жобаларды іске асыруға бағытталған кредиттері бойынша ішінара кепілдік беру;
өндірістік (индустриялық) инфрақұрылымды дамыту;
мемлекеттік гранттар беру.»;

төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

« Мыналар :

1) акцизделетін тауарларды/өнімді шығаруды жүзеге асыратын;

2) Даму Банкін қоспағанда, Мемлекеттік даму институттары тікелей кредиторы болып табылатын;

3) жобаларын металлургия өнеркәсібінде іске асыратын, минералдық шикізатты қайта өңдеуді жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 1771 қаулысына сәйкес Мониторингке

жататын ірі салық төлеушілердің тізбесіне енгізілген;

4) қаржы институттары беретін кредиттер/лизинг, сондай-ақ Ауыл шаруашылығы министрлігінің бағдарламалары шеңберінде қаржылай қолдау алатын кәсіпкерлер Бағдарламаның бірінші бағытының қатысушылары бола а л м а й д ы . » ;

алтыншы бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Жоба ӨҮК-ке шығарылғанға дейін кемінде 6 ай бұрын алынған қарыздарды/ Қаржы лизингі шарттарын қайта қаржыландыруға бағытталған, Бағдарламаның бірінші бағытының өлшемдеріне сәйкес келетін кредиттер де субсидиялауға ж а т а д ы . » ;

«Банктердің кредиттері бойынша пайыздық ставканы субсидиялау

Пайыздық ставканы субсидиялау шарттарында»:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Банктердің/Даму Банкінің/Лизингтік компаниялардың кредиттері/Қаржы лизингі шарттары бойынша сыйақы ставкасын субсидиялау

Сыйақы ставкасын субсидиялау шарттары»;

«Пайыздық ставканы субсидиялау шарттарында»:

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Сыйақы ставкасын субсидиялау жүзеге асырылатын кредиттің (кредиттердің)/Қаржы лизингі шартының (шарттарының) сомасы бір Кәсіпкер үшін 1,5 млрд. теңгеден аспауы тиіс. Бұл ретте, бір Кәсіпкер үшін кредиттің (кредиттердің)/ Қаржы лизингі шартының (шарттарының) сомасы онымен үлестес тұлғалардың/ компаниялардың кредиті (кредиттері) бойынша берешек есепке алынбай е с е п т е л е д і . » ;

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Егер кредит/Қаржы лизингі шартының сомасы 1,5 млрд. теңгеден асса, бірақ 4,5 млрд. теңгеден аспаса, онда Қаржы агенті ӨҮК-тен шешімі мен құжаттарды алғаннан кейін Кәсіпкер туралы ақпаратты қарауды жүзеге асырады, жобаға экономикалық талдау жүргізеді және Субсидиялау/Субсидияламау мүмкіндігі туралы ұсыным дайындайды да келісу үшін материалдарды Жұмыс органына ж і б е р е д і .

Е г е р :

1) жобаны іске асыру кезінде Кәсіпкер қазіргі жұмыс орындарына қатысты кемінде 10 % тұрақты жаңа жұмыс орындарын құрмаса;

2) Кәсіпкердің жобасы Бағдарлама өлшемдеріне сәйкес келмесе, Жұмыс органы Субсидиялаудан бас тартады.»;

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Субсидиялау мерзімі кейіннен 10 (он) жылға дейін (Қаржы лизингі шарты бойынша 5 (бес) жылға дейін) ұзарту мүмкіндігімен 3 (үш) жылға дейінгі

мерзімді құрайды. 3 (үш) жыл өткен соң Субсидиялау шартының әрекет ету мерзімін ұзарту Кәсіпкерлерге тиісті жылы субсидия беру үшін республикалық бюджеттен субсидиялауға арналған қаражат бөлінген кезде ғана Банк/Даму Банкі /Лизингтік компания қолдау хатының негізінде ӨҮК шешімімен мақұлданады. Субсидиялау шартының әрекет ету мерзімін ұзарту жыл сайын жүзеге асырылады.» ;

мынадай мазмұндағы бесінші бөлікпен толықтырылсын:

«Кредит бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етуге жобаны іске асыруға тікелей қатыспайтын жылжымалы/жылжымайтын мүлік ұсынылған жағдайда, аталған мүлік жобаға өзінің қатысуы ретінде қаралмайды.»;

бесінші және алтыншы бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

«Сыйақы ставкасын субсидиялау 7 %-ын Кәсіпкер төлейтін, ал айырмасын мемлекет өтейтін 14 %-дан аспайтын номиналды сыйақы ставкасы бар Банктердің кредиттері бойынша ғана жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл ретте Банк:

1) өтінім беруші бастама жасайтын кредит беру шарттарының өзгеруіне байланысты ;

2) өтінім беруші кредит бойынша міндеттемелерді бұзуы себебінен алынатындарды қоспағанда, кредитпен байланысты қандай да бір комиссияларды, алымдарды және/немесе өзге төлемдерді алмайды.

Даму Банкінің кредиттері бойынша сыйақы ставкасын субсидиялау 6 %-ын Кәсіпкер төлейтін, ал айырмасын мемлекет өтейтін номиналды сыйақы ставкасы бар кредиттер бойынша жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл ретте Даму Банкі:

1) өтінім беруші бастама жасайтын кредит беру шарттарының өзгеруіне байланысты ;

2) өтінім беруші кредит бойынша міндеттемелерді бұзуы себебінен алынатындарды қоспағанда, кредитпен байланысты қандай да бір комиссияларды, алымдарды және/немесе өзге төлемдерді алмайды.»;

жетінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Сыйақы ставкасын субсидиялау Банктердің/Даму Банкінің/Лизингтік компаниялардың 7 %-ын Кәсіпкер төлейтін, ал айырмасын мемлекет өтейтін 14 %-дан аспайтын номиналды сыйақы ставкасы бар Қаржы лизингі шарттары бойынша да жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл ретте Банк/Даму Банкі/Лизингтік компания : » ;

тоғызыншы, оныншы, он бірінші және он екінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын :

«Сыйақы ставкасы құбылмалы кредиттер/Қаржы лизингі шарттары да субсидиялауға жатады, бұл ретте, сыйақының пайыздық ставкасы Бағдарламада белгіленген шекті мәндерден асып кеткен жағдайда, осы кредит/лизинг бойынша Субсидиялау шартының қолданысы тоқтатылады.

Сыйақы ставкасын субсидиялау Банктің жіктелгенге жатпайтын (Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 желтоқсандағы № 296 қаулысына сәйкес) және 7 %-ын Кәсіпкер төлейтін, ал айырмасын мемлекет өтейтін 12 %-дан аспайтын номиналды сыйақы ставкасы бар валюталық стандартты кредиттері бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.

Сыйақының номиналды ставкасын субсидиялау Даму Банкі сыйақы ставкасын 11 %-ға дейін төмендететін, оның 6 %-ын Кәсіпкер төлейтін, ал айырмасын мемлекет өтейтін Даму Банкінің валюталық кредиттері бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.

Сыйақы ставкасын субсидиялау жүзеге асырылатын валюталық кредиттер бойынша сомалар бір Кәсіпкер үшін 1,5 млрд. теңгеге баламалы мөлшерден аспауы тиіс.» ;

мынадай мазмұндағы он үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Егер валюталық кредиттер/Қаржы лизингі шарттары бойынша сома 1,5 млрд. теңгеден асса, бірақ 4,5 млрд. теңгеден аспаса, онда Қаржы агенті ӨҮК-тен шешімі мен құжаттарды алғаннан кейін Кәсіпкердің жобасын қарауды жүзеге асырады, жобаға экономикалық талдау жүргізеді және Субсидиялау/Субсидияламау мүмкіндігі жөнінде ұсыным дайындайды да келісу үшін материалдарды Жұмыс органына жібереді.

Е г е р :

1) жобаны іске асыру кезінде Кәсіпкер қазіргі жұмыс орындарына қатысты кемінде 10 % тұрақты жаңа жұмыс орындарын құрмаса;

2) Кәсіпкердің жобасы Бағдарлама өлшемдеріне сәйкес келмесе, Жұмыс органы Субсидиялаудан бас тартады.» ;

мынадай мазмұндағы он алтыншы бөлікпен толықтырылсын:

«Бұл ретте қалпына келтірілетін негізде берілген айналым қаражатын толықтыруға арналған кредит бөлігінде жол беріледі. Негізгі құралдарды сатып алуға және/немесе жаңғыртуға және/немесе өндірісті кеңейтуге арналған кредит шеңберінде айналым қаражатын толықтыруға арналған кредит бөлігі бойынша қалпына келтіру мүмкіндігінің шарттары ӨҮК шешімінде көрсетілуге тиіс.» ;

«Кредиттер бойынша пайыздық ставканы субсидиялау тетігінде»:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Кредиттер/Қаржы лизингі шарттары бойынша сыйақы ставкасын субсидиялау тетігі» ;

мынадай мазмұндағы 5-1-тармақпен толықтырылсын:

«5-1. ӨҮК шешімінің қолданылу мерзімі – Банк/Даму Банкі/Лизингтік компания ӨҮК шешімін алған күннен бастап 3 ай.» ;

«Банктердің кредиттері бойынша кепілдіктер беру

Банктердің кредиттері бойынша кепілдіктер беру шарттары» жаңа редакцияда
ж а з ы л с ы н :

«Банктердің/Даму Банкінің кредиттері бойынша кепілдіктер беру
Банктердің/Даму Банкінің кредиттері бойынша кепілдіктер беру шарттары

1. Кепілдіктер тек жаңа жобаларды іске асыру үшін берілетін кредиттер бойынша, сондай-ақ инвестицияларға, өндірісті жаңғыртуға және кеңейтуге бағытталған іске асырылатын жобалар бойынша ғана беріледі.

2. Кепілдік беру жүзеге асырылатын кредиттің (кредиттердің) сомасы бір Кәсіпкер үшін 300 млн. теңгеден аспауы тиіс. Бұл ретте кредиттің (кредиттердің) сомасы бір Кәсіпкер үшін онымен үлестес тұлғалардың/компаниялардың кредиті (кредиттері) бойынша берешек есепке алынбай есептеледі.

3. Кепілдік мөлшері кредит сомасының 50 %-ынан жоғары болмауы тиіс. Ісін жаңа бастаған кәсіпкерлер үшін кепілдік мөлшері кредит сомасының 70 %-ынан жоғары болмауы тиіс, бұл ретте кредиттің ең жоғары сомасы 20 млн. теңгеден а с п а у ы т и і с .

4. Кәсіпкерлер үшін кепілдіктер ақылы негізде ұсынылады.

5. Айналым қаражатын қаржыландыру негізгі құралдарды сатып алуға және/немесе жаңғыртуға және/немесе инвестицияға арналған кредит шеңберінде жүзеге асырылса, кепілдік беру айналым қаражатын толықтыруға берілетін кредиттер бойынша жүзеге асырылуы мүмкін, бірақ кредит сомасының 30 %-ынан аспайды. Сондай-ақ айналым қаражатын 100 % толықтыруға бағытталған 60 млн. теңгеден аспайтын мөлшердегі кредитке кепілдік беруге рұқсат етіледі (жалақы, салықтық және өзге де міндетті төлемдер бойынша есеп айырысулар жүргізуді, кредиттерге, қарыздарға немесе лизинг шарттарына қызметтер көрсету бойынша ағымдағы төлемдерді төлеуді және Өтінім берушінің негізгі қызметін жүзеге асыруына байланыссыз өзге де мақсаттарды қоспағанда).

6. 60 млн. теңгеден асатын кредиттер бойынша кепілдік алған жағдайда, өтінім беруші Жобаны іске асырудың жалпы құнының 10 %-ынан төмен болмайтын деңгейде өзінің ақша қаражатының Жобаны іске асыруға қатысуын не Жобаны іске асырудың жалпы құнының 20 %-ынан төмен болмайтын деңгейде өзінің жылжымалы/жылжымайтын мүлкімен (оның ішінде қамтамасыз етуге ұсынылған үшінші тұлғалардың мүлкімен) Жобаны іске асыруға қатысуын қ а м т а м а с ы з е т у і т и і с .

7. Кепілдік беру жүзеге асырылатын кредиттер бойынша Банктердің сыйақы ставкасы 14 %-дан жоғары болмайды. Кепілдік беру жүзеге асырылатын кредиттер бойынша Даму Банкі сыйақысының ставкасы 13 %-дан жоғары болмайды. Бұл ретте, Банк және Даму Банкі:

1) өтінім беруші бастама жасайтын кредит беру шарттарының өзгеруіне б а й л а н ы с т ы л а р ы н ;

2) өтінім берушінің кредит бойынша міндеттемелерді бұзуы себебінен өндіріп алынатындарын қоспағанда, кредитпен байланысты комиссияларды, алымдарды және/немесе өзге төлемдерді алмайды.»;

«Банктердің кредиттері бойынша кепілдіктер беру тетігі» мынадай редакцияда жазылсын:

«Банктердің/Даму Банкінің кредиттері бойынша кепілдіктер беру тетігі

1. Өтінім беруші Банкке/Даму Банкіне кредит алу үшін өтініммен жүгінеді.

2. Банк/Даму Банкі дербес, Банктің/Даму Банкінің ішкі құжаттарында белгіленген рәсімге сәйкес жобаға кешенді сараптама жүргізеді және өтінім беруші ұсынған кепілді мүліктің бағасы туралы қорытындының негізінде өтінім берушінің қамтамасыз етуінің кепілді құнына бағалау жүргізеді, одан кейін қамтамасыз ету жеткіліксіз болған жағдайда, Қаржы агентінің ішінара кепілдігімен жобаны қаржыландыру не қаржыландырудан бас тарту туралы шешім қабылдайды. Банк/Даму Банкі жобаны қаржыландыру бойынша оң шешім қабылдаған жағдайда банк 5 (бес) жұмыс күні ішінде Қаржы агентіне кепілдік беру туралы шешім қабылдау үшін қажетті құжаттарды жібереді.

3. Кепілдік беру туралы оң шешім қабылданған жағдайда, Қаржы агенті Банкке/Даму Банкіне кепілдік беру мүмкіндігі туралы Қаржы агентінің оң шешімі бар хат жібереді.

4. Банк/Даму Банкі Қаржы агентінің оң шешімі бар хатты алғаннан кейін өтінім берушіге кепілдік берілетін қажетті соманың есебін көрсете отырып, жасалатын кредит шарттары туралы тиісті хат береді.

5. Банктен/Даму Банкінен хат алғаннан кейін өтінім беруші Банктің/Даму Банкінің қажетті кепілдік мөлшерінің есебі көрсетілген хатын қоса отырып, Бағдарламаның жергілікті деңгейдегі үйлестірушісіне өтініш береді.

6. Бағдарламаның жергілікті деңгейдегі үйлестірушісі жобаны ӨҮК қарауына шығарады.

7. ӨҮК жобалардың Бағдарламаның өлшемдеріне сәйкестігін қарастырады және өңірдің басымдықтарына сәйкес кепілдік беру мүмкіндігі (немесе мүмкін еместігі) туралы шешім қабылдайды. ӨҮК шешімі тиісті хаттамамен ресімделеді.

8. Бағдарламаның жергілікті деңгейдегі үйлестірушісі ӨҮК хаттамасын/ ӨҮК хаттамасының үзіндісін Қаржы агентіне және тиісті Банктерге/Даму Банкіне жібереді, сондай-ақ өтінім берушіні жобаның ӨҮК-де қаралу нәтижелері туралы хабардар етеді.

9. Бағдарламаның жергілікті деңгейдегі үйлестірушісінен кәсіпкердің кредитіне ішінара кепілдік берудің келісілгені туралы ӨҮК хаттамасын/ӨҮК хаттамасының үзіндісін алғаннан кейін Қаржы агенті Банкке/Даму Банкіне алдына ала кепілдік хат жібереді.

10. Банк/Даму Банкі Бағдарламаның жергілікті деңгейдегі үйлестірушісінен

ӨҮК хаттамасын/ӨҮК хаттамасының үзіндісін және Қаржы агентінен алдын ала кепілдік хат алғаннан кейін өтінім берушімен кредит шартын, кепіл (кепілдер) шартын (шарттарын) жасасады, олардың көшірмелерін Қаржы агентіне жібереді.

11. Банк/Даму Банкі мен өтінім беруші арасында тиісті кредит шарты жасалғаннан кейін Банк/Даму Банкі, Қаржы агенті және өтінім беруші кепілдік ш а р т ы н а қ о л қ о я д ы .

12. Қаржы агенті өтінім берушінің жобасы бойынша кепілдік ұсынғаннан кейін Бағдарламаның жергілікті деңгейдегі үйлестірушісі Қаржы агентіне ақы т ө л е й д і . » ;

«Ісін жаңа бастаған кәсіпкерлерді гранттық қаржыландыруда:»:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Гранттық қаржыландыру:»;

«Гранттар беру шарттарында:»:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Ісін жаңа бастаған жеке кәсіпкерлік субъектілеріне, жас кәсіпкерлерге, әйелдерге, мүгедектер мен оралмандарға (бұдан әрі – Кәсіпкерлер) нысаналы гранттар Бағдарламаға 1-қосымшаға сәйкес экономиканың басым секторлары шеңберінде бірегейлігімен және жаңалығымен ерекшеленетін жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін өтеусіз және қайтарымсыз негізде беріледі.»;

«Өндірістік (индустриялық) инфрақұрылымды дамыту

Өндірістік (индустриялық) инфрақұрылымды дамыту бойынша қолдау к ө р с е т у ш а р т т а р ы н д а » :

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Өндірістік (индустриялық) инфрақұрылымды дамыту жетіспейтін инфрақұрылымды жеткізуден тұрады әрі шағын және орта бизнестің өндірістерді жаңғырту мен кеңейтуге бағытталған жобалары үшін жекелеген жобалар үшін де , сондай-ақ өнеркәсіп алаңдарын ұйымдастыру шеңберінде де жүзеге асырылуы м ү м к і н . » ;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Өндірістік (индустриялық) инфрақұрылым бизнес-инкубаторлар үшін де ж е т к і з і л е д і . » ;

«Бизнес-Насихат:» деген кіші бөлім алынып тасталсын;

«Екінші бағыт: кәсіпкерлік секторды сауықтыруда:»:

екінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«борышкерге Банктердің/Даму Банкінің бар кредиттері бойынша (мақұлдау сәтінде) сыйақы ставкасын және жоба мақұлданғаннан кейін туындайтын бір кредиттік желі шеңберінде жаңа берешекті субсидиялау;»;

а л т ы н ш ы б ө л і к т е :

«7.» деген сан алынып тасталсын;

жетінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
«минералдық шикізатты қайта өңдеуді жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 1771 қаулысына сәйкес мониторингке жататын ірі салық төлеушілердің тізбесіне енгізілген металлургия өнеркәсібінің кәсіпорындары;»;

«Банктердің кредиттері бойынша пайыздық ставкаларды субсидиялау шарттары» мынадай редакцияда жазылсын:

«Банктердің/Даму банкінің кредиттері бойынша сыйақы ставкаларын субсидиялау шарттары

1. Борышкер Бағдарламаны іске асырудың екінші бағытына қатысуға арналған өтінімді тек 2010 және 2011 жылдарда бере алады.

2. 2012 жылы Бағдарламаның екінші бағытына қатысуға арналған жобаларды қарауға Банктердің/Даму Банкінің Қаржы агентіне 2011 жылғы 31 желтоқсанға дейін енгізген өтінімдері жатады.

3. Пайыздық ставканы субсидиялауды жүзеге асыратын кредиттің (кредиттердің) сомасы бір борышкер үшін 4,5 млрд. теңгеден аспайды.

4. Субсидиялау мерзімі 3 жылдан аспайды.

5. Қызметтің негізгі түрімен байланысы жоқ коммерциялық жылжымайтын мүлік сатып алуға бағытталған кредиттер бойынша субсидиялау жүзеге асырылмайды.

6. Сыйақы ставкасын субсидиялау Банктер сыйақы ставкасын 12 %-ға дейін төмендететін, оның 7 %-ын борышкер-кәсіпкер төлейтін, ал 5 %-ын мемлекет өтейтін Банк кредиттері бойынша ғана жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл ретте, егер қолданыстағы сыйақы ставкасы 12 %-дан төмен болса, Банк кредиттері бойынша сыйақы ставкасын ұлғайтуға тыйым салынады. Сондай-ақ, Банк:

1) кредит беру шарттарының өтінім берушінің бастамасымен өзгеруіне байланыстыларын;

2) өтінім берушінің кредит бойынша міндеттемелерін бұзу себебі бойынша алынатындарын қоспағанда, кредитке байланысты ешқандай комиссияларды, алымдарды және/немесе өзге де төлемдерді алмайды.

7. Сыйақы ставкасын субсидиялау қазіргі берешекке (мақұлдау сәтінде) және жоба мақұлданғаннан кейін туындайтын бір кредиттік желі шеңберіндегі жаңа берешекке қолданылады.

8. Негізгі құралдарды сатып алуға және/немесе жаңғыртуға және/немесе өндірісті кеңейтуге және/немесе айналым қаражатын толықтыруға және/немесе кредитті қайта қаржыландыруға берілген кредиттер бойынша субсидиялау жүзеге асырылуы мүмкін.

9. Сауда желілерінің айналым қаражатын толықтыру үшін алынған кредиттер /кредиттердің бір бөлігі субсидиялауға жатпайды (егер осы шарттарда өзгеше

к о з д е м е с е) .

10. Сыйақы ставкасын субсидиялау жіктелгенге жатпайтын (Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі басқармасының 2006 жылғы 25 желтоқсандағы № 296 қаулысына сәйкес), сыйақы ставкасын банктер 10 %-ға дейін төмендететін, оның 5 %-ға дейінгісін борышкер төлейтін, ал 5 %-ын мемлекет өтейтін валюталық кредиттер бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.

11. Субсидиялар сомасын қаржы агенті Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі субсидиялар сомасын аударған күнге белгілеген бағам бойынша теңгемен төлейді.

12. Сыйақы ставкасы құбылмалы кредиттер де субсидиялауға жатады, бұл ретте сыйақының пайыздық ставкасы Бағдарламада белгіленген шекті мәндерден жоғары асқан жағдайда осы кредит бойынша Субсидиялау шартының қолданысы тоқтатылады.

13. Оң бағамдық айырма туындаған жағдайда айырма болашақ субсидиялардың есебіне жатқызылады, ал теріс бағамдық айырма жағдайында өтеу қарыз алушыға жүктеледі.

14. Даму Банкінің кредиттері бойынша сыйақы ставкасын субсидиялау сыйақы ставкасы 11,5 %-дан аспайтын, оның 6,5 %-на дейінгісін борышкер-кәсіпкер төлейтін, ал 5 %-ын мемлекет өтейтін кредиттер бойынша жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл ретте, егер қолданыстағы сыйақы ставкасы 11,5 %-дан төмен болса, Даму Банкінің кредиттері бойынша сыйақы ставкасын ұлғайтуға тыйым салынады. Сондай-ақ, Даму Банкі:

1) кредит беру шарттарының өтінім берушінің бастамасымен өзгеруіне байланыстыларын;

2) өтінім берушінің кредит бойынша міндеттемелерді бұзуы себебінен алынатындарды қоспағанда, кредитке байланысты қандай да бір комиссиялар, алымдар және/немесе өзге де төлемдер алмайды.

15. Сыйақының пайыздық ставкасын субсидиялау Даму Банкі сыйақы ставкасын 9,5 %-ға дейін төмендететін Даму Банкінің валюталық кредиттері бойынша жүзеге асырылады, оның ішінде 4,5 %-на дейінгісін борышкер төлейді, ал 5 %-ын мемлекет өтейді.

16. Қолданыстағы кредиттерге Банктер/Даму Банкі 2010 жылғы 1 қаңтарға дейін берген, Бағдарламаның екінші бағытының өлшемдеріне сәйкес келетін кредиттер жатады.»;

«Екінші бағытты іске асыру тетігінде»:

2-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Борышкер-кәсіпкер берешегі ең көп Банкке/Даму Банкіне (егер борышкердің бірнеше банкке берешегі бірдей болса, ол өз таңдауы бойынша

олардың біреуіне жүгінеді) сауықтыруға арналған өтінішімен барады, оған мыналар қоса беріледі:»;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Борышкер-кәсіпкерден сауықтыруға өтініш алған Банк/Даму Банкі үш күн ішінде бұл туралы ҚҚҚ мен Қаржы агентін хабардар етеді.»;

7 және 8-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Қаржы агенті борышкер туралы деректерді жинауды және өңдеуді жүзеге асырады, оны субсидиялау бойынша ұсыным әзірлейді және барлық материалды Жұмыс органына жібереді.

8. Жұмыс органы Жоспарларды кредиторлар комитетімен келіскен Бағдарламаға әлеуетті қатысушылардың материалдарын Жұмыс тобының қарауына жедел түрде шығарады.»;

10, 11 және 12-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«10. Субсидиялау жүзеге асырылатын кредиттің (кредиттердің) қаражаты экономиканың басым секторларындағы қызметке жіберілген жағдайда, Банкпен/Даму Банкімен немесе Кредиторлар комитетімен келісілген Жоспар және кәсіпкерлердің қоғамдық бірлестіктерінің салалық қорытындысы бар болса, Жұмыс тобы немесе Мемлекеттік комиссия борышкердің Банктердің/Даму Банкінің кредиттері бойынша сыйақы ставкасын субсидиялау жөніндегі сауықтыру бағдарламасына қатысуын тиісті хаттамамен мақұлдайды.

11. Жұмыс тобы мақұлдаған жағдайда, борышкер-кәсіпкер әрбір кредитормен борыштық міндеттемелер бойынша шартты қайта жасасады, онда мынадай талаптар айқындалады: кредиттер бойынша сыйақы ставкасы 12 % деңгейінде тіркеледі, оның 7 %-ын борышкер-кәсіпкер төлейді, ал 5 %-ын мемлекет өтейді.

12. Жұмыс тобы немесе Мемлекеттік комиссия мақұлдаған жобалар бойынша Банк/Даму Банкі, қатысушы және қаржы агенті арасында субсидиялау шарты жасалады, соның шеңберінде қаржы агенті мен Бағдарламаға қатысушы Банкке/Даму Банкіне сыйақы ставкасының тиісті бөлігін төлейді.»;

13-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«13. Мемлекеттік комиссия борышкер-кәсіпкердің Бағдарламаға қатысуын тиісті хаттамамен:»;

«Үшінші бағыт: Кәсіпкерлердің валюталық тәуекелдерін төмендетуде»:

бірінші және екінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

«Кредиттік міндеттемелер мөлшерінің ұлттық валютаның ауытқуына тәуелділігін және, тиісінше, валюталық тәуекелдердің кредиттік тәуекелдерге ауысуын азайту үшін валюталық пайда алатын кәсіпкерлерге Бағдарлама шеңберінде ұлттық және/немесе шетелдік валютадағы кредиттер/ұлттық валютадағы Қаржы лизингі шарттары бойынша сыйақы ставкасының бір бөлігін субсидиялау түрінде мемлекеттік қолдау көрсетілетін болады.

Мемлекеттік қолдау Бағдарламаға 1-қосымшаға сәйкес қызметін экономиканың басым секторларында (Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының 2007 жылғы 14 желтоқсандағы № 683-од бұйрығымен бекітілген экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішіне (бұдан әрі – ЭҚЖЖ) сәйкес жүзеге асыратын Банктерде/Даму Банкінде/Лизингтік компанияларда бар кредиттер/Қаржы лизингі шарттары бойынша номиналды сыйақы ставкасын субсидиялау арқылы көрсетілетін болады.»;

мынадай мазмұндағы үшінші және төртінші бөліктермен толықтырылсын:

«Бағдарламаның үшінші бағытына:

1) Қазақстан Республикасы Қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 желтоқсандағы № 296 қаулысымен бекітілген Активтерді, шартты міндеттемелерді жіктеу мен оларға қарсы провизиялар (резервтер) құру ережесіне сәйкес 4 және 5 санаттағы «үмітсіз» немесе «күмәнді» деп жіктелгендерді қоспағанда, кәсіпкер Бағдарламаны үйлестірушіге сауалнама-өтініш берердің алдындағы алты айдағы ақшалай пайданың жалпы көлемінің кемінде 10 % мөлшерінде валюталық пайдасы бар;

2) Бағдарламаға 1-қосымшаға сәйкес (Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының 2007 жылғы 14 желтоқсандағы № 683-од бұйрығымен бекітілген экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішіне (бұдан әрі – ЭҚЖЖ) сәйкес) қызметін экономиканың басым секторларында жүзеге асыратын кәсіпкерлер қ а т ы с у ш ы б о л а а л а д ы .

М ы н а л а р :

1) акцизделетін тауарларды/өнімді шығаруды жүзеге асыратын;

2) Даму Банкінің кредиттерін қоспағанда, Мемлекеттік даму институттары тікелей кредиторы болып табылатын;

3) жобаларын металлургия өнеркәсібінде іске асыратын, минералдық шикізатты қайта өңдеуді жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 1771 қаулысына сәйкес Мониторингке жататын ірі салық төлеушілердің тізбесіне енгізілген;

4) қаржы институттары беретін кредиттер/лизинг және Ауыл шаруашылығы министрлігінің бағдарламалары шеңберінде субсидия алатын;

5) өз қызметін тау-кен өндіру өнеркәсібінде жүзеге асыратын кәсіпкерлер Бағдарламаның үшінші бағытының қатысушылары бола алмайды.»;

«Бағдарламаның үшінші бағытына қатысушыларды іріктеу өлшемдері» а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

«Банктердің/Даму Банкінің/Лизингтік компаниялардың кредиттері/Қаржы лизингі шарттары бойынша пайыздық ставканы субсидиялау шарттарында»:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Банктердің/Даму Банкінің/Лизингтік компаниялардың кредиттері/Қаржы лизингі шарттары бойынша сыйақы ставкасын субсидиялау шарттары»;

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Сыйақы ставкасын субсидиялау жүзеге асырылатын кредиттің (кредиттердің)/Қаржы лизингі шартының (шарттарының) сомасы бір Кәсіпкер үшін 1,5 млрд. теңгеден аспауы тиіс. Бұл ретте, бір Кәсіпкер үшін кредиттің (кредиттердің)/Қаржы лизингі шартының (шарттарының) сомасы онымен үлестес тұлғалардың/компаниялардың кредиті (кредиттері) бойынша берешек есепке алынбай е с е п т е л е д і . » ;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Егер сыйақы ставкасын субсидиялау жүзеге асырылатын кредит/Қаржы лизингі шартының сомасы 1,5 млрд. теңгеден асса, бірақ 4,5 млрд. теңгеден аспаса, онда Қаржы агенті ӨҮК-тен шешімі мен құжаттарды алғаннан кейін Кәсіпкер туралы ақпаратты қарауды жүзеге асырады, жобаға экономикалық талдау жүргізеді және Субсидиялау/Субсидияламау мүмкіндігі туралы ұсыным дайындайды да барлық материалдарды Жұмыс органына жібереді.

Е г е р :

1) жобаны іске асыру кезінде Кәсіпкер қазіргі жұмыс орындарына қатысты кемінде 10 % тұрақты жаңа жұмыс орындарын құрмаса;

2) Кәсіпкердің жобасы Бағдарлама өлшемдеріне сәйкес келмесе, Жұмыс органы Субсидиялаудан бас тартады.»;

екінші және үшінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

«Субсидиялау мерзімі кейіннен 10 (он) жылға дейін (Қаржы лизингі шарты бойынша 5 (бес) жылға дейін) ұзарту мүмкіндігімен 3 (үш) жылға дейінгі мерзімді құрайды. 3 (үш) жыл өткен соң Субсидиялау шартының әрекет ету мерзімін ұзарту кәсіпкерлерге тиісті жылы субсидия беру үшін республикалық бюджеттен қаражат бөлінген кезде ғана Банк/Даму Банкі/Лизингтік компания қолдаухатының негізінде ӨҮК шешімімен мақұлданады. Субсидиялау шартының әрекет ету мерзімін ұзарту жыл сайын жүзеге асырылады.

Сыйақы ставкасын субсидиялау Банктердің номиналды сыйақы ставкасы 14 %-дан аспайтын, оның 6 %-ын Кәсіпкер төлейтін, ал айырмасын мемлекет өтейтін кредиттері бойынша ғана жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл ретте, Банк:

1) кредит беру шарттарының өтінім берушінің бастамасымен өзгеруіне б а й л а н ы с т ы л а р ы н ;

2) өтінім берушінің кредит бойынша міндеттемелерін бұзу себебі бойынша алынатындарын қоспағанда, кредитке байланысты ешқандай комиссияларды, алымдарды және/немесе өзге де төлемдерді алмайды.»;

бесінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Даму Банкінің кредиттері бойынша сыйақы ставкасын субсидиялау 5 %-ын Кәсіпкер төлейтін, ал айырмасын мемлекет өтейтін номиналды сыйақы ставкасы 13 %-дан аспайтын кредиттер бойынша жүзеге асырылуы мүмкін. Егер Даму Банкінің кредиті бойынша сыйақы ставкасы жылдық 13 % кем болған жағдайда, 5 %-ын Кәсіпкер төлейді, ал айырмасын мемлекет өтейді.»;

жетінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Номиналды сыйақы ставкасы 14 %-дан аспайтын, оның 7 %-ын Кәсіпкер төлейтін, ал айырмасын мемлекет өтейтін Лизингтік компаниялардың/Банктің/Даму банкінің Қаржы лизингі шарттары бойынша да субсидиялау жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл ретте Лизингтік компания/Банк/Даму Банкі:»;

тоғызыншы және оныншы бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

«Бұл ретте қалпына келтірілетін негізде айналым қаражатын толықтыруға берілген кредиттерді субсидиялауға рұқсат етіледі. Негізгі құралдарды сатып алуға және/немесе жаңғыртуға және/немесе өндірісті кеңейтуге берілген кредит шеңберінде айналым қаражатын толықтыруға берілген кредитті қалпына келтіру мүмкіндігінің шарттары ӨҮК шешімінде көрсетілуге тиіс.

Сыйақы ставкасы құбылмалы кредиттер/Қаржы лизингінің шарттары да субсидиялауға жатады, бұл ретте сыйақы ставкасы Бағдарламада белгіленген шекті мәндерден асып кеткен жағдайда, бұл кредит/лизинг бойынша Субсидиялау шартының қолданысы тоқтатылады.»;

он бірінші бөлік алынып тасталсын;

он екінші және он үшінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

«Сыйақы ставкасын субсидиялау жіктелгенге жатпайтын (Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 желтоқсандағы № 296 қаулысына сәйкес), номиналды сыйақы ставкасы 12 %-дан аспайтын, оның 5 %-ын Кәсіпкер төлейтін, ал айырмасын мемлекет өтейтін банктің валюталық стандартты кредиттері бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.

Сыйақы ставкасын субсидиялау жіктелгенге жатпайтын (Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 желтоқсандағы № 296 қаулысына сәйкес), Даму Банкі сыйақы ставкасын 11 %-ға дейін төмендететін, оның 4 %-ын Кәсіпкер төлейтін, ал айырмасын мемлекет өтейтін Даму Банкінің валюталық стандартты кредиттері бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.»;

«Үшінші бағытты іске асыру тетігінде»:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Кәсіпкер сауалнама-өтініш бергенге дейінгі алдыңғы алты айдағы ақшалай пайданың жалпы көлемінің кемінде 10 %-ы мөлшерінде валюталық пайдасының бар екенін растайтын ақпарат пен құжаттарды қоса бере отырып,

Кәсіпкер Бағдарламаны жергілікті деңгейдегі үйлестірушіге Банктің/Даму Банкінің/Лизингтік компанияның сыйақы ставкасын субсидиялауға өтініш береді .

» ;
«Төртінші бағыт: Кәсіпкердің әлеуетін күшейтуде»: бірінші бөлік «бизнеске» деген сөзден кейін «(бұдан әрі – ШОБ)» деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөлік мынадай мазмұндағы төртінші абзацпен толықтырылсын:
«шағын және орта бизнестің алдыңғы қатарлы кәсіпорындарын консультациялық жобаларды (бұдан әрі – BAS бағдарламасы) іске асыруда қолдау ; » ;

төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:
«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамы осы бағыт бойынша Бағдарламаның Операторы (бұдан әрі – Оператор) болып табылады.»;

«Бизнес-Насихат» құрамдауышын іске асыру тетігі» және 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7 және 8-тармақтар алынып тасталсын;

«Жұмыс істейтін бизнесті жүргізуге сервистік қолдау көрсету шарттары» мынадай редакцияда жазылсын:

«Жұмыс істейтін бизнесті жүргізуге сервистік қолдау көрсету шарттары Сервистік қолдау экономиканың барлық секторларында жұмыс істейтін шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне көрсетіледі.

Кәсіпкерлер үшін мамандандырылған қызмет жеке консультациялар түрінде тегін ұсынылатын болады.»;

«Жұмыс істейтін бизнесті жүргізуге сервистік қолдау көрсету тетігі» деген төртінші бөлікте:
1 - тармақта:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:
«1. Оператор сервистік қызметтер көрсетудің бірыңғай стандарттарын әзірлейді және әдіснамалық қолдау көрсетеді.»;

екінші бөліктің екінші абзацы алынып тасталсын;
11-тармақтан кейін мынадай мазмұндағы «BAS бағдарламасы» деген тараумен толықтырылсын:

« B A S бағдарламасы .

BAS бағдарламасы сыртқы консультанттар жүзеге асыратын консультациялық жобаларды бірлесіп қаржыландыру және нарықты дамыту жөнінде іс-шаралар жүргізу арқылы шағын және орта бизнестің алдыңғы қатарлы кәсіпорындарына қолдау көрсетуге бағытталған.

Еуропа Қайта құру және Даму Банкі (бұдан әрі – ЕҚДБ) BAS бағдарламасының операторы болып табылады.

Консультациялық жобаларды іске асыруда қолдау көрсету шарттары.

BAS бағдарламасы шеңберінде қолдау шағын және орта бизнестің қызметін экономиканың басым секторларында жүзеге асыратын, қаржылай орнықты және өсу әлеуеті жоғары әрі Бағдарлама шеңберінде іске асырылатын консультациялық жобаның жалпы құны шығындарының бір бөлігін өтеуге әзір алдыңғы қатарлы кәсіпорындарына ұсынылатын болады.

Мынадай өлшемдерге сай келетін кәсіпорындар Бағдарламаға қатысушы бола а л а д ы :

Іріктеудің базалық өлшемдері:

1) кәсіпорын мөлшері – 250-ге дейінгі қызметкер;
2) меншік нысаны – бақылау пакеті Қазақстан Республикасының азаматтарында болатын жеке кәсіпорын (капиталға шетелдік қатысу 49 %-дан а с п а й д ы) ;

3) қызмет аясы – банктік қызмет көрсетуді, темекі бұйымдарын шығаруды, құмар ойындарын ұйымдастыру және бәс тігу жөніндегі қызметті, әскери мақсатта өнімдерді шығаруды немесе қызметтер көрсетуді қоспағанда, « Бизнестің жол картасы - 2020» бағдарламасына сәйкес барлық басым с а л а л а р д а ғ ы қ ы з м е т ;

4) операциялық қызмет тәжірибесі – 2 жыл жұмыс тәжірибесі және операциялық қызметтен түскен ақшалай қаражаттың оң қозғалысы;

5) Бағдарламаға қатысуға арналған өтінімдік құжаттаманың толық пакеті – ЕҚДБ стандартты нысанына сәйкес толтырылған өтінімнің түпнұсқасы, құрылтай құжаттарының көшірмелері (жарғы, мемлекеттік тіркеу туралы куәлік, заңды тұлғаның мемлекеттік тіркелгені/қайта тіркелгені туралы анықтама, салық төлеуші куәлігі), алдыңғы өткен толық екі жыл үшін және өтінім берілген сәттегі ағымдағы қаржы кезеңі үшін қаржылық есептердің көшірмелері (баланс, пайда туралы есеп және ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп).

Іріктеудің қосымша өлшемдері (бұл өлшемдерге сәйкестікті ЕҚДБ жергілікті мамандары бизнесті тексеру және диагностикалау бойынша ЕҚДБ стандартты рәсімдері орындалғаннан кейін бағалайды):

1) өміршеңдік – көрінеу бәсекелік артықшылықтардың болуы тұрғысынан одан әрі өсу әлеуеті, пайдалы болуы (жалпы пайданың оң болуы), консультациялық жобаларды енгізу және олардың нәтижелерін қолдану үшін жеткілікті қаржылық және операциялық ресурстардың болуы; ЕҚДБ банкроттыққа жуық күйдегі немесе толық қайта құрылымдауды талап ететін к ә с і п о р ы н д а р д ы қ о л д а м а й д ы ;

2) басшылық тарапынан көзқарас – BAS мамандарымен және консалтингтік компаниямен ынтымақтастыққа әзірлік;

3) абыройының жоғары болуы/парасаттылық – кәсіпорын мен оның басшылығы сенімге ие әрі абыройы жоғары болуға тиіс;

4) штаттан тыс консультанттармен жұмыс тәжірибесі – іскери консультациялық қызметтер алуға деген шынайы қажеттілік, сондай-ақ штаттан тыс консультанттармен жұмыс тәжірибесі мардымсыз болғанда немесе мұндай тәжірибе болмаған кезде алынатын қолдауды пайдалана білу қабілеті және (немесе) жобаны толық көлемде қаржыландыру үшін қаражатының болмауы;

5) қаржылық міндеттемелер – кәсіпорын жобаны іске асырудың жалпы құнының 25-75 %-ын төлеуге әзір және сондай мүмкіндігі болуға тиіс.

ЕҚДБ мамандары алдын ала біліктілік іріктеуін өткізеді және BAS бағдарламасы шеңберінде жобаларды іске асыруға қойылатын талаптарға сай келетін консультациялық қызмет берушілердің дерекқорын жүргізеді.

Нақты бейіндегі консультациялық қызметтер көрсету үшін біліктілігінің және нақты білім салаларындағы жұмысының болуы тұрғысынан консультанттар бағалаудан өтеді:

1) жұмыс тәжірибесі – компания қызметінің сипаттамасы, оның мемлекеттік тізілімде тіркелгені туралы куәлігінің көшірмесі, меншік құқығы туралы куәліктің көшірмесі (жарғыдан және (немесе) құрылтай шартынан үзінді көшірме), алдыңғы өткен кемінде екі жыл үшін жылдық қаржылық есептілік (пайда мен шығын туралы есеп, ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп, баланс), егер мұны қолдануға болатын болса, консультациялық қызметтер түрлерінің бөлінісінде төлемақы ставкаларын (бір жұмыс күні үшін евромен) көрсете отырып, компанияның/жеке консультанттың мамандануының сипаты;

2) клиентпен жұмыс және ұсынымдар – пікірлер мен ұсынымдарды қоса алғанда, соңғы 2-3 жылда іске асырылған жобалардың сипаты (консалтингтік компанияның мамандануы шеңберінде);

3) кадрлармен жасақталуы – консультанттардың бәрімен әңгімелесу және олардың түйіндемесін алу.

Кәсіпорынның қажеттіліктері айқындалып, белгіленген нысан бойынша консультациялық қызметтер көрсетуге техникалық тапсырма дайындалғаннан кейін жобаны орындау үшін BAS бағдарламасы шеңберінде белгіленген талаптарға сай келетін консалтингтік компаниялардың коммерциялық ұсыныстарын сұрату жүргізілуі мүмкін. Консультантты түпкілікті таңдау құқығы кәсіпорынның өзінде қалады. Бірінші жоба ойдағыдай іске асырылмайынша, консультанттардың басқа жобаларды қатар орындауына тыйым салынады.

Қолдау көрсетілетін жобалар Кәсіпкерлікті қолдау орталықтары және Қазақстан Республикасы Үкіметінің басқа да бастамалары шеңберінде көрсетілетін қызметтерді толықтыратын болады. Олар, өзгелерімен қатар, консультациялық қызметтердің мынадай түрлерін қамтуы мүмкін:

1) стратегиялық менеджмент;
стратегиялық жоспарлау;

- б и з н е с - ж о с п а р л а у ;
техникалық- және қаржы-экономикалық негіздемелерді әзірлеу;
қаржылық талдау және жоспарлау;
ә р і п т е с і з д е с т і р у ;
- 2) маркетинг-менеджмент:
с а т у д ы б а с қ а р у ;
маркетингтік зерттеулер;
маркетингтік стратегия әзірлеу;
брендинг және ілгерілету;
электрондық маркетинг;
- 3) ұйымдық менеджмент:
ұ й ы м д ы қ д а м у ;
адами ресурстарды басқару;
- 4) операциялық менеджмент:
бизнес-процестердің реинжинирингі;
өнім беру тізбегін басқару;
- 5) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар:
автоматтандырудың салалық жүйелері;
құжат айналымын автоматтандыру жүйелері;
І Т - и н ф р а қ ұ р ы л ы м ;
өндірістік процестерді автоматтандыру жүйелері;
менеджменттің корпорациялық ақпараттық жүйелері;
- 6) инженерлік-конструкторлық әзірлемелер:
өндірістік желілерді оңтайландыру;
сәулеттік жоспарлау/дизайн;
инфрақұрылымды және коммуналдық желілерді жоспарлау;
- 7) сапа менеджменті:
сапа менеджменті жүйелерін енгізу;
тағам өнімдерінің қауіпсіздік жүйелерін енгізу;
өндірістегі қауіпсіздік жүйелерін енгізу;
өнім қауіпсіздігінің жүйелерін енгізу;
- 8) энергия- және ресурс тиімділігі:
энергия аудиті, сертификаттау және рейтинг беру;
энергия менеджментінің жүйелерін енгізу;
энергия тиімділігі саласында инженерлік-конструкторлық шешімдерді енгізу;
қалпына келтірілетін энергия көздерін енгізу;
- 9) экологиялық менеджмент:
экологиялық аудит және қоршаған ортаға әсерді бағалау;
экологиялық менеджмент жүйелерін енгізу;

экология саласында инженерлік-конструкторлық шешімдерді енгізу;
10) есеп және бухгалтерлік есептілік:
қаржылық басқару және есеп жүйелерін енгізу;
аудиттелетін қаржылық есептілікті дайындау үшін қаржылық ақпаратты
өңдеу;

кәсіпорынды басқару және есептілікті жүргізу үшін талап етілетін қаржылық
ақпаратты жетілдіру үшін есеп саясатын іске асыру саласындағы
консультациялар;

ұлттық/халықаралық стандарттарға (НСФО/МФСО) сәйкес қаржылық
есептілікті жетілдіру.

BAS жобаларын іске асыру мерзімі жобаның мазмұнына байланысты болады,
дегенмен, әдетте, төрт айдан алты айға дейінгі кұрайды.

BAS бағдарламасы шеңберінде жобаларды іске асыру тетігі:

1. ҚР әр облысындағы операторлар «Бизнестің жол картасы 2020»
бағдарламасына қатысушыларды қатысу өлшемдері мен өтінім пакетіне
қойылатын талаптар туралы ақпаратты қоса алғанда, BAS бағдарламасының
қызметі туралы ақпаратпен қамтамасыз етеді, сондай-ақ жобалық өтінім
дайындауда әлеуетті клиенттерге жәрдем көрсетеді.

2. Кәсіпорын/өтінім беруші ЕҚДБ BAS бағдарламасының жергілікті
мамандарының тобына немесе Өзі орналасқан жердегі операторға ЕҚДБ BAS
бағдарламасының жәрдемдесуімен қолдау алуға өтінім мен құжаттардың қажетті
пакетін (оның ішінде ЕҚДБ BAS бағдарламасының стандартты нысанына сәйкес
толтырылған өтінім түпнұсқасын, құрылтай құжаттарының көшірмелерін,
жарғыны, заңды тұлғаны/дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы
куәлікті немесе анықтаманы, салық төлеуші куәлігін, алдыңғы өткен толық екі
жыл үшін және өтінім берілген сәттегі ағымдағы қаржы кезеңі үшін қаржылық
есептердің көшірмелерін (баланс, пайда туралы есеп және ақша қаражатының
қозғалысы туралы есеп)) береді.

3. ЕҚДБ BAS бағдарламасының жобалар жөніндегі мамандары бизнестің
өміршеңдігін, оның қажеттілігі мен басымдықтарын айқындау және өтінім
бойынша түпкілікті шешім қабылдау үшін ЕҚДБ BAS бағдарламасының бизнесті
тексеру және диагностикалау жөніндегі стандартты рәсімдерін орындағаннан
кейін кәсіпорынның іріктеу өлшемдеріне сәйкестігін бағалау үшін сонда барады.

4. Оператор Бағдарламаға қатысуға өтінім берушілердің жиынтық тізбесін
жасайды және мүдделі кәсіпорындар туралы ақпаратты тіркеумен және
сақтаумен айналысады. Содан соң, ЕҚДБ BAS бағдарламасына қатысуға әлеуетті
өтінім берушілердің жиынтық тізімдерін жасап, Өңірлік үйлестіру кеңесінің (
бұдан әрі – ӨҮК) қарауына береді, ӨҮК әлеуетті бенефициарлардың базалық
іріктеу өлшемдеріне сәйкестігін тексереді де өтінімдерді алдын ала мақұлдау

туралы шешім шығарады. ӨҮК мақұлдауын алғаннан кейін екі күн ішінде Оператор ӨҮК шешімінің үзіндісін ЕҚДБ BAS бағдарламасының жергілікті мамандарының тобына береді.

5. Әлеуетті консультациялық жоба кәсіпорын басшылығымен талқыланады.

6. ЕҚДБ BAS бағдарламасының жергілікті мамандарының тобы кәсіпорындар үшін жергілікті және халықаралық сарапшылар дерекқорынан жобаны іске асыруға сай келетін консалтингтік компаниялардың және/немесе сарапшылардың тізімін дайындайды және жоба бойынша әлеуетті консультанттармен, атап айтқанда, халықаралық сарапшылармен келіссөз жүргізуге жәрдем көрсетеді.

7. Кәсіпорын консалтингтік компанияны және/немесе сарапшыны таңдау туралы түпкілікті шешім қабылдайды.

8. Кәсіпорын мен консалтингтік компания бірлесіп, ЕҚДБ BAS бағдарламасында белгіленген нысан бойынша техникалық тапсырма әзірлейді, оны ЕҚДБ BAS бағдарламасының жергілікті мамандарының тобы келісіп, бекітуге тиіс.

9. ЕҚДБ BAS бағдарламасының жергілікті мамандарының тобы қолданыстағы Гранттар бойынша матрица-нұсқаулықты негізге ала отырып, консультациялық жобаны бірге қаржыландырудың мөлшері бойынша шешім қабылдайды.

10. Кәсіпорын/өтінім беруші мен консалтингтік компания ЕҚДБ BAS бағдарламасының жергілікті мамандарының тобы мақұлдаған жобаға арналған техникалық тапсырмаға сәйкес консультациялық қызметтер көрсету туралы шарт жасасады.

11. Еуропа Қайта құру және Даму Банкі мен кәсіпорын ЕҚДБ BAS бағдарламасы шеңберінде консультациялық жобаға грант беру туралы келісім жасасады.

12. Консультациялық жобаны іске асыру басталады.

13. ЕҚДБ BAS бағдарламасының жергілікті мамандарының тобы Оператормен бірге жобаның іске асырылу мониторингін жүзеге асырады.

14. Жоба аяқталған соң консультант қорытынды тұсаукесер өткізеді және бенефициар-кәсіпорынға, ЕҚДБ BAS бағдарламасының жергілікті мамандарының тобына және Операторға жоба нәтижелері туралы есеп береді.

15. Кәсіпорын консультациялық қызметтер көрсетуге арналған шартқа сәйкес соманы консультантқа төлейді.

16. Орындалған жұмыстардың өтінім берілген техникалық тапсырмаға сәйкестігін, жобаның табысты аяқталғанын және консультантқа консультациялық қызметтер көрсету туралы шартқа сәйкес жобаның құнын кәсіпорынның төлеу фактісін тексергеннен кейін ЕҚДБ BAS бағдарламасының шеңберінде грант беру туралы қол қойылған келісімге сәйкес ЕҚДБ

қолданыстағы заңнамасына сәйкес Білім беру мекемесін айқындайды.

2. Оператор Білім беру мекемесімен бизнес-тренингтер өткізуге және шет елдерде тағылымдама ұйымдастыруға шарт жасасады.

3. Өтінім беруші Операторға белгіленген нысанда Жобаға қатысуға өтінім береді. Бұл ретте, Өтінім беруші Жобаны іске асыруға байланысты мониторинг немесе өзге де іс-қимылдарды жүргізу үшін қажетті барлық мәліметтер мен деректерді беру туралы жазбаша міндеттемеге қол қояды.

4. Өтінімдерді қабылдау мерзімі аяқталғаннан кейін Оператор 15 (он бес) жұмыс күні ішінде өтінімдерді қарайды және кәсіпкерлердің өтінімдеріне іріктеу жасайды. Іріктелген өтінімдерден Оператор жиынтық өтінім қалыптастырады, оны салалар (кіші салалар) бойынша топтайды және 15 (он бес) жұмыс күні ішінде Жұмыс органына тиісті салалар бойынша бизнес-тренингтер және кейіннен тақырыптық бизнес-тағылымдамалар ұйымдастыру бойынша ұсыныстарды келісу үшін жібереді.

5. Жұмыс органы Жобаға қатысушылардың мақұлданған тізімін бизнес-тренингтер дайындау бойынша тиісті жұмыстар жүргізу үшін Операторға жібереді.

6. Білім беру мекемесі оқыту бағдарламасын әзірлейді, оны оператормен келіседі және Жұмыс органына бекітуге жібереді.

7. Оқыту бағдарламасын Жұмыс органы бекіткеннен кейін Білім беру мекемесі Жобаға қатысушылар үшін бизнес-тренингтер ұйымдастырады, оның шеңберінде Жобаға қатысушылар өзінің кәсіпорнын дамытудың бизнес-жоспарларын әзірлейді.

8. Білім беру мекемесі бизнес-тренингтер өткізу үшін осы салаларда (кіші салаларда) тиісті біліктілігі бар шетелдік және отандық оқыту орталықтарын, консалтингтік компанияларды, бизнес-тренерлер мен сарапшыларды тартады.

9. Бизнес-тренингтер аяқталғаннан кейін Жобаның екінші кезеңіне қатысқысы келетін Жобаға қатысушылар тікелей кәсіпорынға арналған өздерінің бизнес-жоспарларын пысықтайды және пысықталған бизнес-жоспарларды Білім беру мекемелеріне ұсынады.

10. Оператор Жобаға қатысушылар үшін «Аға сеньорлар» құрамдауыштары шеңберінде шетелдік мамандар тартуды қамтамасыз етеді.

11. Бағдарлама шеңберінде «Назарбаев Университеті» ДБҰ бизнес-мектебінің базасында оқудан өткен кәсіпкерлер де Жобаның екінші кезеңіне қатысуға өтінім б е р е а л а д ы . » ;

«Іскерлік байланыстар» жобасының екінші кезеңін іске асыру тетігінен» кейін мынадай мазмұндағы «Аға Сеньорлар» құрамдауышымен» т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

«Аға Сеньорлар» құрамдауышы

1. «Аға Сенъорлар» құрамдауышын іске асыру Жобаның бірінші кезеңіндегі бизнес-тренингтер өткізу процесінде де, сол сияқты Бағдарламаға Қатысушыларға кәсіпорындарда басқарудың жаңа әдістерін, өндіріс технологияларын және жабдықты енгізу, персоналды оқыту бойынша да консультациялар беру үшін табысты жұмыс тәжірибесі бар шетелдік мамандарды т а р т у ғ а б а ғ д а р л а н ғ а н .

2. «Аға Сенъорлар» құрамдауышын Қазақстан аумағында ұйымдық сүйемелдеуді халықаралық және шетелдік ұйымдардың жәрдемімен Оператор жүзеге а с ы р а т ы н б о л а д ы .

3. «Аға Сенъорлар» құрамдауышын іске асыру шарттары

1) Бағдарламаның қатысушылары, сондай-ақ қызметін Бағдарламаға 1-қосымшаға сәйкес экономиканың басым секторларында жүзеге асыратын шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері «Аға Сенъорлар» құрамдауышына қ а т ы с у ш ы б о л а а л а д ы ;

2) «Аға Сенъорлар» құрамдауышы бойынша шетел сарапшыларын тарту жөніндегі шығыстарға ақы төлеу республикалық бюджет қаражаты, байланысты және байланысты емес гранттар есебінен жүзеге асырылады;

3) шетелдік сарапшылардың ұшып келіп-кету шығыстарына ақы төлеу және қызметтеріне ақы төлеу республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге а с ы р ы л а т ы н б о л а д ы ;

4) көлік және тәуліктік шығыстар, сондай-ақ Қазақстан аумағында тұру кәсіпкердің өз қаражаты есебінен жүзеге асырылатын болады;

5) Жобаға қатысушылардың шет елдерде тағылымдамадан өтуін ұйымдастыру, оның ішінде визалық қолдау мен тұруы халықаралық және шетелдік ұйымдардың байланысты және байланыстырылмаған гранттарының қаражаты есебінен қаржыландырылатын болады.»;

«Аға Сенъорлар» құрамдауышын іске асыру тетігінде»:

4-тармақтағы «білім беру мекемесіне» деген сөздер «Операторға» деген с ө з б е н а у ы с т ы р ы л с ы н ;

5-тармақтағы «Білім беру мекемесі» деген сөздер «Оператор» деген сөзбен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Халықаралық және шетелдік ұйымдар шетелдік мамандардың әрбір миссиясы аяқталғаннан кейін Операторға жұмыс нәтижелері туралы есепті ж і б е р е д і . » ;

мынадай мазмұндағы «Бизнес-Насихат» деген тараумен толықтырылсын:

« Б и з н е с - Н а с и х а т »

1. «Бизнес-Насихат» құрамдауышы Бағдарламаны тиімді іске асыру, сондай-ақ кәсіпкерлік идеяларын танымал ету мақсатында ШОБ-қа мемлекеттік

қолдау шараларын халықтың қалың тобына түсіндіруге бағытталған мемлекеттік қолдау көрсетуді көздейді.

2. «Бизнес-Насихат» құрамдауышы шеңберінде шағын және орта кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау мыналарды білдіреді:

- 1) Бағдарлама бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізу;
- 2) Бағдарлама шеңберінде кәсіпкерліктің сәтті үлгілері мен сәтті жобаларын танымал ету;
- 3) кәсіпкерлік саласындағы заңнаманы және реттеуді түсіндіру;
- 4) кәсіпкерлік идеяларын насихаттау;

3. «Бизнес-Насихат» құрамдауышын қаржыландыру республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын болады.

4. Бағдарлама бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмысын жүргізу:

- 1) бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік қолдау шараларын жария етуді;
- 2) мемлекеттік қолдау шараларының шарттары мен тетіктері бойынша баспа өнімін әзірлеуді және тираждауды;
- 3) ақпараттық іс-шаралар (форумдар, конференциялар, сессиялар, семинарлар, кеңестер және т.б.) өткізуді;
- 4) материалдардың ақпараттық-талдамалық кешенін (баспасөз-кит) дайындауды;
- 5) кәсіпкерлікті қолдау бойынша өткізілген іс-шаралардың фотогалереясын дайындауды;

6) инфографика (схемалар мен суреттер) дайындауды және өңірлік және республикалық БАҚ-та орналастыруды;

7) кәсіпкерлерге мемлекеттік қолдау көрсету шарттарын түсіндіру үшін Оператордың Call-орталығының қызметін ұйымдастыруды;

8) Оператордың бизнес-порталының жұмысын қамтамасыз етуді;

9) ағымдағы жағдайға кешенді жалпы республикалық талдау мен өңірлік және салалық бөліністерде ШОБ-тың әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерінің серпінін, жеке-жеке Қазақстанның әрбір өңірінің ШОБ секторының шолуын, ШОБ субъектілерін қаржылық және қаржылық емес қолдаудың қолданыстағы инфрақұрылымы бойынша өзекті ақпаратты көрсететін Қазақстандағы және оның өңірлеріндегі ШОБ дамуының жай-күйі туралы жыл сайын есеп шығаруды қоса алғанда, ШОБ секторы бойынша үнемі есептер әзірлеуді;

10) ШОБ-ты дамыту, микроқаржы секторы, республикалық және өңірлік деңгейдегі макро- және микроэкономикалық үдерістер туралы, сондай-ақ кәсіпкерлікті қолдаудың мемлекеттік бағдарламаларын іске асыру нәтижелері туралы өзекті статистикалық ақпарат беру жөніндегі интерактивті ақпараттық-талдау жүйесінің жұмысын қамтамасыз етуді көздейді.

5. Бағдарлама шеңберінде кәсіпкерліктің сәтті үлгілері мен сәтті жобаларды т а н ы м а л е т у :

1) іске асырылған жобалардың сәтті үлгілері бойынша баспасөз-турларын ұ й ы м д а с т ы р у ;

2) Бағдарламаға қатысушылар туралы әңгімелер («Жетістіктер тарихтары») әзірлеу және БАҚ-та орналастыру;

3) өңірлік және республикалық телеарналарда «Арнайы репортаж» жанрында хабарлар циклін әзірлеу және шығару;

4) БАҚ өкілдері арасында Бағдарлама туралы немесе жалпы кәсіпкерлік туралы үздік материалға арналған конкурс өткізу арқылы іске асырылатын б о л а д ы .

6. Кәсіпкерлік саласындағы заңнаманы және реттеуді түсіндіру:

1) кәсіпкерлік саласындағы заңнама және реттеу мәселелеріне маманданған ұйымдарды тарта отырып, кәсіпкерлер үшін кәсіпкерлік қызметтің негіздері бойынша ақпараттық-талдамалық анықтамалықтар мен оқу-әдістемелік құралдарын тираждауды және таратуды;

2) жаднамалар, түсіндіру сипатындағы материалдар әзірлеуді;

3) телевизияда арнайы хабарлар шығаруды немесе оларға қатысуды көздейді.

7. Кәсіпкерлік идеяларын насихаттау:

1) сарапшылардың, кәсіпкерлердің, қоғам қайраткерлерінің, шетелдік мамандардың қатысуымен телехабарлар серияларын ұйымдастыруды;

2) «Жылдың үздік кәсіпкері» конкурсын ұйымдастыруды және өткізуді;

3) жастар жобаларының көрмелерін ұйымдастыруды және өткізуді;

4) жалпы білім беретін және оқу орындарында «Жас бизнесмен мектептерін» ұ й ы м д а с т ы р у д ы ;

5) ісін жаңа бастаған кәсіпкерлер үшін ашық лекциялар, мастер-кластар ө т к і з у д і ;

6) Оператордың қолданыстағы Бизнес-порталының базасында «Жас іскер» жастар кәсіпкерлігіне арналған бөлімді іске қосуды;

7) жас/жұмысын жаңа бастаған кәсіпкерлерге жетекшілік жасауға әзір бизнес-тәлімгерлерді тарту үшін веб-алаңдар құруды;

8) іскери баспа басылымдарында кәсіпкерлік бойынша айдарлар ұ й ы м д а с т ы р у д ы ;

9) арнайы журнал шығаруды;

10) әлеуметтік желілерде қоғамдастықтар, форумдарда тармақтар, интернет-блогтар, сайттарда-бейне-хостингтерде кәсіпкерлікке арналған арналар құруды және жүргізуді көздейді.

«Бизнес-Насихат» құрамдауышын іске асыру тетігі

1. Оператор және Жұмыс органы «Бизнес-Насихат» құрамдауышы бойынша

қызметтер көрсетуге шарт (бұдан әрі – Шарт) жасасады.

2. Шарттың негізінде Оператор Жұмыс органына егжей-тегжейлі жұмыс жоспарын ұсынады.

3. Оператор «Бизнес-Насихат» құрамдауышын іске асыру мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келетін талаптарды ескере отырып, қызметтер тізбесін қалыптастырады және қолданыстағы заңнамаға сәйкес оларды көрсетушілерді аяқындайды.

4. Оператор әрбір қызмет түрі бойынша бекітілген техникалық ерекшелікке сәйкес қызметтерді көрсетушілермен мамандандырылған қызметтер көрсетуге шарт жасасады.

5. Қызметтерді көрсетуші Операторға қызметтерді шартта бекітілген қызметтер құнына сәйкес ұсынады. Айыппұлдарды, өсімпұлдарды және басқаларын қоса алғанда, қызметтерді толық және сапалы көрсету жауапкершілігі қызметтерді көрсетушіге жүктеледі.

6. Қызметтерді көрсетушінің қызметтеріне ақы төлеу қызметтердің тиісті көлемде тиісінше сапада көрсетілгені расталғаннан кейін жүзеге асырылады.

7. Ұсынылатын қызметтер сапасының мониторингін Оператор жүргізеді.

8. Оператор жұмыс жоспарын іске асырудың барысы туралы Жұмыс органын ұдайы хабардар етіп отырады.»;

«Бағдарламаға қатысушылардың өзара іс-қимылы және оны іске асыру мониторингі» деген кіші бөлімде: бесінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Қаржы агенті пайыздық ставканы субсидиялау, кредиттер/Қаржы лизингінің шарттары бойынша кепілдік беру және Банктердің/Даму Банкінің/ Лизингтік компаниялардың мемлекеттік гранттар беруі бөлігінде Бағдарламаның іске асыру мониторингін жүзеге асырады және жоғарыда көрсетілген Келісімде мақұлданған нысан бойынша уәкілетті органға есеп береді, ол ақпарат жеткіліксіз болған жағдайда, Бағдарламаға қатысушылардан қажетті мәліметтерді қосымша сұратуға құқылы. Кәсіпкерлер Қаржы агентіне мынадай ақпарат береді:

1) өткен қаржы жылының соңында әрекет еткен жұмыс орындарының саны, бірлік;

2) өткен қаржы жылының соңында құрылған жұмыс орындарының саны, бірлік;

3) өткен қаржы жылының соңындағы салықтық төлемдер сомасы, теңге;

4) өткен қаржы жылының соңында алынған субсидиялар сомасы, теңге;

5) өткен қаржы жылының соңындағы пайда мөлшері, теңге;

6) өткен қаржы жылының соңындағы жалақы төлеу қоры, теңге;

7) бір жұмыскердің орташа айлық жалақысы, теңге;

8) өткен қаржы жылының соңындағы өнімдердің/қызметтердің жиынтық шығарылымы, т е н г е .

Ақпарат беру тәртібі мен шарттарын Қаржы агенті белгілейді. Ақпараттың дұрыстығы мен уақтылы берілуі үшін жауапкершілік Кәсіпкерлерге жүктеледі.»;

көрсетілген Бағдарламаға 1-қосымшада:

«Өнеркәсіптің басқа да секторлары» деген кіші бөлімде:

реттік нөмірі 35-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«35.11.4 «Басқа электр станцияларының электр энергиясын өндіруі»;

35.11.2 Гидроэлектр станцияларының электр энергиясын өндіруі»;

«Көлік және жинақтау» деген кіші бөлімде:

реттік нөмірі 49-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«49.3 «Құрлықта жүретін басқа да жолаушылар көлігі»

49.41 «Автомобиль көлігімен жүк тасымалдау»;

«Әуе көлігі» деген реттік нөмірі 51-жол алынып тасталсын;

«Өнер, ойын-сауық және демалыс» деген кіші бөлімде:

реттік нөмірі 93-жол мынадай редакцияда жазылсын:

«93 Спорт, ұйымдастыру және ойын-сауық (дискотекаларды қоспағанда)

с а л а с ы н д а ғ ы қ ы з м е т » ;

«Спорт саласындағы қызмет» деген реттік нөмірі 93.1-жол алынып тасталсын

;

көрсетілген Бағдарламаға 2-қосымшада:

«Бағдарламаның өлшемдерінде»:

1 - т а р м а қ т а :

5) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«5) кредит (кредиттер) бойынша сыйақы ставкасын субсидиялау кезінде айналым қаражатын толықтыруға берілетін кредит (кредиттер) қаражаты кредит (кредиттер) құнының 30 %-нан аспайтын. Бұл ретте айналым қаражатын толықтыруға қалпына келтірілетін негізде берілген кредит бөлігінде рұқсат е т і л е д і ; » ;

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«8) Қазақстан Республикасы Қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 желтоқсандағы № 296 қаулысымен бекітілген Активтерді, шартты міндеттемелерді жіктеу мен оларға қарсы провизиялар (резервтер) құру ережесіне сәйкес 4 және 5 санаттағы «үмітсіз» және «күмәнді» деп жіктелгендерді қоспағанда, кәсіпкер Бағдарламаны үйлестірушіге сауалнама-өтініш берердің алдындағы алты айдағы ақшалай пайданың жалпы көлемінің кемінде 10 % мөлшерінде валюталық пайдасы бар к ә с і п к е р л е р . » ;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

« 2 . М ы н а л а р :

- 1) акцизделетін тауарларды/өнімді шығаруды жүзеге асыратын;
- 2) Даму Банкінің кредиттерін қоспағанда, Мемлекеттік даму институттары тікелей кредиторы болып табылатын;
- 3) жобаларын металлургия өнеркәсібінде іске асыратын, минералдық шикізатты қайта өңдеуді жүзеге асыратын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 1771 қаулысына сәйкес Мониторингке жататын ірі салық төлеушілердің тізбесіне енгізілген;
- 4) кредиттерін қаржы институттары ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеуге берген, сондай-ақ Ауыл шаруашылығы министрлігінің бағдарламалары шеңберінде субсидия алатын;
- 5) өз қызметін тау-кен өндіру өнеркәсібінде жүзеге асыратын;
- б) құрылтайшылары ұлттық басқарушы холдингтер, ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар және акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы тікелей немесе жанама түрде мемлекетке, ұлттық басқарушы холдингке, ұлттық холдингке, ұлттық компанияға тиесілі ұйымдар болып табылатын кәсіпкерлер, сондай-ақ меншік нысаны жеке меншік мекеме ретінде ресімделген заңды тұлғалар Бағдарламаға қатысушы бола а л м а й д ы . » .

2. «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасын іске асыру жөніндегі кейбір шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 10 маусымдағы № 556 қаулысына :

көрсетілген қаулымен бекітілген «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасының «Жаңа бизнес-бастамаларды қолдау» бірінші бағыты шеңберінде жеке кәсіпкерлік субъектілеріне екінші деңгейдегі банктердің кредиттері және өзге де мемлекеттік қолдау шаралары бойынша сыйақы ставкаларын субсидиялау ережесінде:

«Жалпы ережелер» деген 1-бөлімде:

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Субсидиялау үшін көзделген қаражатты Бағдарламаны жергілікті деңгейде үйлестіруші Қаржы агентіне өздерінің арасында жасалатын «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасының шеңберінде субсидиялау және кепілдік беру шартының негізінде жергілікті бюджетке бағытталған нысаналы трансферттің қаражаты есебінен аударарды.»;

«Субсидияларды беру шарттары» деген 3-бөлімде:

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

« 8 . М ы н а :

- 1) акцизделетін тауарлар шығару көзделетін Жобаларға берілген;
- 2) Даму Банкін қоспағанда, Мемлекеттік даму институттары тікелей

кредиторы болып табылатын;

3) металлургия өнеркәсібінде жұмыс істейтін, минералдық шикізатты қайта өңдеуді жүзеге асыратын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 1771 қаулысына сәйкес Мониторингке жататын ірі салық төлеушілердің тізбесіне енгізілген кәсіпкерлердің;

4) қаржы институттары ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеуге беретін, сондай-ақ Ауыл шаруашылығы министрлігінің бағдарламалары шеңберінде субсидияланатын кредиттер субсидиялауға жатпайды.»;

12-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші және төртінші бөліктермен толықтырылсын :

«Бұл ретте айналым қаражатын толықтыруға қалпына келтірілетін негізде берілген кредит бөлігінде рұқсат етіледі. Негізгі құралдарды сатып алуға және/немесе жаңғыртуға және/немесе өндірісті кеңейтуге арналған кредит шеңберінде айналым қаражатын толықтыруға арналған кредит бөлігі бойынша қалпына келтіру мүмкіндігінің шарттары ӨҮК шешімінде көрсетілуге тиіс.

100 %-ына дейін айналым қаражатын толықтыруға бағытталған 60 млн. теңгеден аспайтын мөлшердегі кредитке кепілдік берілген жағдайда, кредиттер бойынша сыйақы ставкасын субсидиялауға жол беріледі.»;

13 және 14-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«13. Жаңа кредиттерге Банктердің, Даму Банкінің жаңа инвестициялық Жобаларды, сондай-ақ экономиканың басым секторларында өндірісті жаңғыртуға және кеңейтуге бағытталған Жобаларды іске асыру үшін жоба ӨҮК-ге шығарылғанға дейін 6 айдан ерте берілмеген кредиттер де жатады.

14. Субсидиялау жүзеге асырылатын кредиттің (кредиттердің) сомасы бір Кәсіпкер үшін 4,5 млрд. теңгеден аспайды. Бұл ретте бір Кәсіпкер үшін кредиттің (кредиттердің) сомасы Кәсіпкермен үлестес тұлғалардың/компаниялардың кредиті (кредиттері) бойынша берешекті есепке алынбай есептеледі.

Егер Субсидиялау жүзеге асырылатын кредиттің сомасы 4,5 млрд. теңгеден асқан жағдайда, онда Қаржы агенті ӨҮК-тен шешімі мен құжаттарды алғаннан кейін Кәсіпкер туралы ақпаратты қарауды жүзеге асырады, жобаға экономикалық талдау жүргізеді және Субсидиялау/Субсидияламау мүмкіндігі туралы ұсыным дайындайды да барлық материалдарды Жұмыс органына жібереді.

Егер :

1) жобаны іске асыру кезінде Кәсіпкер қазіргі жұмыс орындарына қатысты кемінде 10 % тұрақты жаңа жұмыс орындарын құрмаса;

2) Кәсіпкердің жобасы Бағдарлама өлшемдеріне сәйкес келмесе, Жұмыс органы Субсидиялаудан бас тартады.

Сыйақы ставкасын субсидиялау жүзеге асырылатын валюталық кредиттер

бойынша сомалар бір Кәсіпкер үшін 1,5 млрд. теңгеге баламалы мөлшерден аспайды; тиіс.»;

15-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Кредит бойынша міндеттеменің орындалуын қамтамасыз етуге жобаны іске асыруға тікелей қатыспайтын жылжымалы/жылжымайтын мүлік ұсынылған жағдайда, аталған мүлік жобаға өзінің қатысуы ретінде қаралмайды.»;

16 және 17-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«16. Субсидиялау мерзімі кейіннен 10 (он) жылға дейін ұзарту мүмкіндігімен 3 (үш) жылға дейінгі мерзімді құрайды. 3 (үш) жыл өткен соң Субсидиялау шартының әрекет ету мерзімін ұзарту Кәсіпкерлерге тиісті жылы субсидия беру үшін республикалық бюджеттен қаражат бөлінген кезде ғана Банктің/Даму Банкінің тиісті хатының негізінде ӨҮК шешімімен мақұлданады. Хатқа Банктің/Даму Банкінің субсидиялау мерзімін ұзарту туралы шешімі қоса беріледі.

Субсидиялау шартының әрекет ету мерзімін ұзарту жыл сайын жүзеге асырылады.

17. Егер кредит беру жылдық 14 %-дан асатын номиналды сыйақы ставкасы бойынша жүзеге асырылған жағдайда, Банк жоба ӨҮК-ге шығарылғанға дейін 6 ай ішінде берген қолданыстағы кредиттерді субсидиялау Банктің номиналды сыйақы ставкасын жылдық 14 %-ға дейін және валюталық кредиттер бойынша 12 %-ға дейін төмендетуі шартымен ғана жүзеге асырылады.

Субсидиялау номиналды сыйақы ставкасы жылдық 14 %-дан аспайтын, оның 7 %-ын Кәсіпкер төлейтін, ал айырмасын мемлекет өтейтін Банк кредиттері бойынша ғана жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл ретте, Банк:

1) кредит беру шарттарының Кәсіпкер бастамасымен өзгеруіне байланыстыларын;

2) Кәсіпкердің кредит бойынша міндеттемелерді бұзуы себебінен өндіріп алынатындарды қоспағанда, кредитке байланысты қандай да бір комиссиялар, алымдар және/немесе өзге де төлемдер өндіріп алмайды.

Номиналды сыйақы ставкасын субсидиялау Банктің жіктелгенге жатпайтын (Қазақстан Республикасы Қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 желтоқсандағы № 296 қаулысына сәйкес) және номиналды сыйақы ставкасы 12 %-дан аспайтын, оның 7 %-ын кәсіпкер төлейтін, ал айырмасын мемлекет өтейтін валюталық стандартты кредиттері бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.

Егер кредит беру жылдық 13 %-дан асатын номиналды сыйақы ставкасы бойынша жүзеге асырылған жағдайда, Даму Банкі жоба ӨҮК-ге шығарылғанға дейін 6 ай ішінде берген қолданыстағы кредиттерді субсидиялау Даму Банкінің номиналды сыйақы ставкасын жылдық 13 %-ға дейін және валюталық кредиттер бойынша 11 %-ға дейін төмендетуі шартымен ғана жүзеге асырылады.

Субсидиялау номиналды сыйақы ставкасы жылдық 13 %-дан аспайтын, оның 6 %-ын Кәсіпкер төлейтін, ал айырмасын мемлекет өтейтін Даму Банкінің кредиттері бойынша ғана жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл ретте, Даму Банкі:

1) кредит беру шарттарының Кәсіпкер бастамасымен өзгеруіне байланыстыларын;

2) Кәсіпкердің кредит бойынша міндеттемелерді бұзуы себебінен өндіріп алынатындарды қоспағанда, кредитке байланысты қандай да бір комиссиялар, алымдар және/немесе өзге де төлемдер өндіріп алмайды.

Номиналды сыйақы ставкасын субсидиялау Даму Банкінің жіктелгенге жатпайтын (Қазақстан Республикасы Қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 желтоқсандағы № 296 қаулысына сәйкес), олар бойынша Даму Банкі сыйақы ставкасын 11 %-ға дейін төмендететін, оның 6 %-ын кәсіпкер төлейтін, ал айырмасын мемлекет өтейтін валюталық кредиттері бойынша жүзеге асырылуы мүмкін.

Субсидиялар сомасын қаржы агенті субсидиялар сомасы аударылған күнге Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген бағам бойынша теңгемен төлейді.

Оң бағамдық айырма туындаған жағдайда, ол болашақ субсидиялар есебіне есепке алынады, ал бағамдық айырма теріс болған жағдайда – өтеу қарыз алушыға жүктеледі.»;

19 және 20-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«19. Егер Банктің кредиті бойынша сыйақы ставкасы жылдық 14 %-дан төмен болған жағдайда, онда 7 %-ын кәсіпкер төлейді, ал айырмасын мемлекет өтейді.

20. Егер Даму Банкінің кредиті бойынша сыйақы ставкасы жылдық 13 %-дан төмен болған жағдайда, онда 6 %-ын Кәсіпкер төлейді, ал айырмасын мемлекет өтейді.»;

«Субсидиялар беру үшін Бағдарламаға қатысушылардың өзара іс-қимыл тәртібі» деген 4-бөлімде:

27-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«27. Бағдарламаны жергілікті деңгейде үйлестіруші ӨҮК мүшелері хаттамаға қол қойғаннан кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде Банкке/Даму Банкіне және қаржы агентіне хаттаманың көшірмесін жібереді.

ӨҮК шешімінің әрекет ету мерзімі Банк/Даму Банкі ӨҮК хаттамасын алған күннен бастап 3 айды құрайды.»;

«Субсидиялау тетігі» деген 5-бөлімде:

29-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«29. Банк/Даму Банкі қолданыстағы кредит бойынша Субсидиялау шартына қол қойылған сәтке дейін Кәсіпкердің Банктік қарыз шартында көзделген негізгі борыш пен сыйақыны уақтылы өтеу жөніндегі міндеттемелерін орындамағаны

үшін айыппұлдар мен өсімпұлдарды есептен шығаруға міндетті, ал жаңа/қолданыстағы кредиттер бойынша Банк/Даму Банкі:»;
30-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«30. Субсидиялау шартын Бағдарламада белгіленген нысанға сәйкес:

1) Банк/Даму Банкі:

үлгі жобалар бойынша Бағдарламаны жергілікті деңгейде үйлестірушіден хаттама алған сәттен бастап 7 жұмыс күні ішінде; ерекше шарттары бар жобалар бойынша Бағдарламаны жергілікті деңгейде үйлестірушіден хаттама алған сәттен бастап 20 жұмыс күні ішінде;

2) Қаржы агенті:

үлгі жобалар бойынша Банктен/Даму Банкінен Субсидиялау шартын алған сәттен бастап 3 жұмыс күні ішінде; ерекше шарттары бар жобалар бойынша Банктен/Даму Банкінен Субсидиялау шартын алған сәттен бастап 10 жұмыс күні ішінде жасайды.

Егер Банк/Даму Банкі осы Ереженің 30-тармағының 1) тармақшасында белгіленген мерзімде Субсидиялау шартын уақтылы жасамаған жағдайда, онда Банк/Даму Банкі қаржы агенті мен Бағдарламаны жергілікті деңгейде үйлестірушіні кідірту себептерін түсіндіре отырып, ресми хат арқылы хабардар етеді.

Субсидиялау шарты оның белгіленген нысанға, Бағдарлама талаптарына және ӨҮК шешіміне сәйкес келуі шартымен, оған қаржы агенті қол қойған күнге қарамастан, Кәсіпкер, Банк/Даму Банкі қол қойған күнінен бастап күшіне енеді. Бұл ретте Субсидиялау шартының күшіне енген күнін қаржы агенті тарапынан түзетуге болмайды.

Егер Банктік қарыз шартының және/немесе Субсидиялау шартының талаптары ӨҮК шешіміне және/немесе Бағдарламаның талаптарына сәйкес келмесе, қаржы агенті Субсидиялау шартына қол қоймайды. Бұл ретте қаржы агенті Бағдарлама үйлестірушісін, Банкті/Даму Банкін және Кәсіпкерді хабардар етеді.

Бағдарламаны жергілікті деңгейде үйлестіруші, Банк/Даму Банкі ескертулерді жойған жағдайда, қаржы агенті Субсидиялау шартына қол қояды.

Бағдарламаны жергілікті деңгейде үйлестіруші, Банк/Даму Банкі қаржы агентінің ескертулермен келіспеген жағдайда, Бағдарламаны үйлестіруші жобаны Жұмыс органына келісуге жібереді.

Қарау нәтижелері бойынша Жұмыс органы Кәсіпкерді Субсидиялау мүмкіндігі туралы шешімге келісім береді не Субсидиялау туралы шешімнен бас тартады. Келісу нәтижелері Қаржы агентіне тиісті хатпен жіберіледі (бұл ретте көшірмеде Бағдарламаны жергілікті деңгейде үйлестіруші, Банк/Даму Банкі және Кәсіпкер көрсетіледі).»;

мынадай мазмұндағы 31-тармақпен толықтырылсын:

«31. Сыйақы ставкасының Субсидияланатын бөлігі төленетін күнді Кәсіпкер, Банк/Даму Банкі дербес айқындайды. Егер кредит бойынша сыйақы есептеу Кәсіпкер, Банк/Даму Банкі Субсидиялау шартына қол қойған күннен кейінгі күннен басталатын болса, Кәсіпкер, Банк/Даму Банкі Субсидиялау шартына қол қойған күн Субсидиялау кезеңіне қосылмайды.

Субсидиялау мерзімі Банк/Даму Банкі мен Кәсіпкер Субсидиялау шартына қол қойған кезден басталады.»;

35-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«35. Субсидиялау үшін көзделген қаражатты қаржы агенті Субсидиялау шартына төлемдер кестесін ескере отырып, ай сайын аванстық төлемдермен Банктегі/Даму Банкіндегі ағымдағы шотқа аударуды жүзеге асырады. Банк/Даму Банкі қаржы агентінің ағымдағы шотынан Бағдарламада белгіленген тәртіппен субсидиялар сомасын есептен шығаруды жүзеге асырады.»;

38, 39, 41 және 42-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«38. Кәсіпкердің кредит бойынша төлемді толық төлеуді жүргізу фактісі бойынша Банк/Даму Банкі Кәсіпкердің кредиті бойынша Сыйақы ставкасының субсидияланатын бөлігін өтеу шотына қаржы агентінің ағымдағы шотынан ақшаны есептен шығаруды жүзеге асырады.

39 . Мынадай :

Кәсіпкер Банк/Даму Банкі алдында кредит бойынша төлемді, оның ішінде Сыйақы ставкасының субсидияланбайтын бөлігін өтеу бойынша төлемді у а қ т ы л ы ө т е м е г е н ;

Кәсіпкер Банк/Даму Банкі алдында төлемдерді төлеу жөніндегі міндеттемелерді 3 (үш) ай қатарынан орындамаған жағдайда, Кәсіпкер берешекті өтегенге дейін Банк/Даму Банкі Сыйақы ставкасының субсидияланатын бөлігін өтеу үшін қаржы агентінің ағымдағы шотынан ақшаны есептен шығаруды жүргізбейді және жоғарыда көрсетілгендей әр жағдайда, бұл туралы қаржы агентін 2 (екі) жұмыс күні ішінде хабардар етеді.»;

«41. Кәсіпкердің Банктік қарыз шартының талаптарына, ӨҮК хаттамасына сәйкес қаржы агенті Банк/Даму Банкі сыйақы ставкасының субсидияланбайтын бөлігін төлеу және/немесе негізгі қарызды өтеу бойынша жеңілдікті кезең берілген/мерзімі кейінге қалдырылған Кәсіпкердің кредиті бойынша сыйақы ставкасының субсидияланатын бөлігінде субсидияларды аударуды жүзеге а с ы р у ғ а қ ұ қ ы л ы .

Бұл ретте, жеңілдікті кезең/мерзімін кейінге қалдыру мерзімі ӨҮК шешімінде к ө р с е т і л у і т и і с .

42. Банк/Даму Банкі қолданыстағы Банктік қарыз шартының талаптарын өзгерткен жағдайда, Банк/Даму Банкі тиісті хатпен Бағдарламаның

Үйлестірушісін хабардар етеді, ол 7 (жеті) жұмыс күні ішінде жасалған қаржыландыру шарттарының өзгерістерін хатпен келіседі немесе келісуден бас тартады (бұл ретте, хаттың көшірмесінде Қаржы агентін көрсетеді).»;

«Субсидиялауды тоқтата тұру, тоқтату және қалпына келтіру тәртібі» деген 6 - б ө л і м д е :

47-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«47. ӨҮК өткізілетін отырыс шеңберінде мынадай іс-қимылдарды жүзеге а с ы р а д ы :

1) қаржы агенті ұсынған ақпаратпен күн тәртібіне енгізілген мәселені қ а р а й д ы ;

2) Субсидиялауды тоқтату немесе қалпына келтіру туралы шешім қ а б ы л д а й д ы .

Бұл ретте, шешімде субсидиялауды тоқтатудың/қалпына келтірудің негіздемесі к ө р с е т і л е д і .

Кәсіпкер субсидиялауды тоқтата тұруға негіз болған себептерді жойған жағдайда ӨҮК шешімі қабылданғанға дейін субсидиялауды қалпына келтіру туралы шешім қабылдануы мүмкін.»;

49-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«49. Субсидиялауды тоқтата тұрудың мынадай себептері кезінде кредит бойынша субсидиялауды қалпына келтіруге жол беріледі:

жобаның және/немесе Кәсіпкердің Бағдарламаның шарттарына және/немесе ӨҮК шешіміне сәйкес келмеуі;

Бағдарлама қатысушысының шоттарына тыйым салынуы және/немесе сот т а л қ ы л а у л а р ы н ы ң ө т у і ;

Кәсіпкердің 3 (үш) ай бойы қатарынан Банктік қарыз шартына төлемдер кестесіне сәйкес Банк алдындағы төлемдерді төлеу жөніндегі міндеттемелерін о р ы н д а м а у ы .

Кәсіпкер субсидиялау жүзеге асырылатын жаңа кредитті мақсатсыз пайдаланған кезде кредит бойынша субсидиялауды қалпына келтіруге тыйым с а л ы н а д ы .

Кәсіпкерді субсидиялауды қалпына келтіру туралы шешім қабылданған кезде Қаржы агенті тиісті хатпен Банкті/Даму Банкін және Кәсіпкерді субсидиялау төлемдерін қалпына келтіру туралы хабардар етеді.

Бір уақытта тоқтата тұру кезеңінде төленбеген субсидияларды төлеуді жүргізеді. Осы Ереженің 44-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген себептер бойынша субсидиялауды тоқтата тұрған кезде Кәсіпкердің мерзімін өткізіп алу күнінен бастап, төленуі тиіс субсидияларды төлеуді жүргізеді.

49-1. Кәсіпкерді субсидиялауды тоқтату туралы шешім қабылданған кезде Қаржы агенті тиісті хатпен Кәсіпкерге, Банкке/Даму Банкіне Субсидиялау

шартын біржақты бұзу туралы хабарламаны жібереді, онда Субсидиялау шартын бұзу күні мен бұзу себебін көрсетеді.

49-2. Кәсіпкер субсидиялауды тоқтату үшін негіз болған себептерді жойған жағдайда, субсидиялауды тоқтату туралы шешім қабылданғаннан кейін Банк/Даму Банкі Бағдарламаның Үйлестірушісіне мәселені ӨҮК-ге шығару туралы хатпен шығады. Бұл ретте, хатта жоба бойынша субсидиялауды тоқтату себептерін (ӨҮК хаттамасын қоса береді) және Кәсіпкердің субсидиялауды тоқтатуға алып келген себептердің жойғанын көрсетеді.

49-3. Бағдарламаның Үйлестірушісі және ӨҮК осы Ереженің 6-бөлімінде белгіленген рәсімге және тәртіпке сәйкес іс-қимылдар жасайды.

Бұл ретте, субсидиялауды қалпына келтіру туралы шешім қабылданған жағдайда субсидиялау мерзімі Субсидиялау шартын жасасқан күннен бастап үш жылдан аспауы тиіс.

49-4. Отырыс нәтижелері бойынша Кәсіпкерді субсидиялауды қалпына келтіру туралы шешім келісілген жағдайда қаржы агенті тиісті хатпен Банкті/Даму Банкін және Кәсіпкерді субсидиялау төлемдерінің қалпына келтірілуі туралы хабардар етеді.

Бұл ретте, субсидиялау тоқтатылған сәттен немесе Кәсіпкердің мерзімін өткізіп алу күнінен бастап, ӨҮК субсидиялауды қалпына келтіру туралы жаңа шешім қабылдағанға дейін субсидиялардың сомасы Кәсіпкерге өтелмейді.»;

мынадай мазмұндағы 53-1-тармақпен толықтырылсын:

«53-1. Кәсіпкердің кредиті бойынша сыйақы ставкасын субсидиялау тоқтатылған, Кәсіпкердің кредиті бойынша негізгі борышын мерзімінен бұрын ішінара/толық өтеген жағдайда Банк/Даму Банкі өзара есеп айырысуларды салыстыру актісін қаржы агентіне 7 (жеті) жұмыс күні ішінде ұсынады.»;

«Бағдарламаның мониторингі» деген 7-бөлімде:

54-тармақтың төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«жобаның және/немесе Кәсіпкердің Бағдарлама шарттарына және/немесе ӨҮК шешіміне сәйкес келуі мониторингі.»;

«Кәсіпкерлерді өндірістік (индустриялық) инфрақұрылымын дамыту бойынша қолдау» деген 8-бөлімде:

мынадай мазмұндағы 60-1-тармақпен толықтырылсын:

«60-1. Өндірістік (индустриялық) инфрақұрылым сондай-ақ бизнес-инкубаторларға жеткізіледі.»;

«Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне сервистік қолдау көрсету тәртібі» деген 9-бөлім алынып тасталсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген ««Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасының «Кәсіпкерлік секторды сауықтыру» екінші бағыты шеңберінде жеке кәсіпкерлік субъектілеріне екінші деңгейдегі банктердің кредиттері

бойынша сыйақы ставкаларын субсидиялау ережесінде:

«Жалпы ережелер» деген 1-бөлімде:

3-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Борышкер кәсіпкерге Банктің/Даму Банкінің қолданыстағы кредиттері бойынша (мақұлдау сәтінде) және қолданыстағы кредит желісінің шеңберінде жаңа берешекке сыйақы ставкасының бір бөлігін субсидиялау жоба мақұлданғаннан кейін басталады;»;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«Жұмыс органы Қаржы агентімен Банктің/Даму Банкінің кредиттері бойынша сыйақы ставкасын субсидиялау үшін қаражат аударуға арналған шартты жасасқаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде тиісті қаржы жылында Бағдарламаның екінші бағыты бойынша Субсидиялау үшін көзделген соманың 30 %-ы мөлшеріндегі ақшалай қаражаттың бір бөлігін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен Қаржы агентіне аударады. Одан кейінгі төлемдер келісілген төлемдер кестесіне сәйкес жүзеге асырылатын болады.»;

«Терминдер мен анықтамалар» деген 2-бөлімде:

мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

«Жұмыс тобы – құрамы Үкімет шешімімен бекітілетін Бағдарламаның екінші және төртінші бағыттарын іске асыру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының Экономиканы жаңғырту мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссиясы жанындағы жұмыс тобы;»;

«Субсидияларды беру шарттары» деген 3-бөлімде:

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«10. Мынадай:

- 1) акцизделетін тауарлар шығаруды көздейтін Жобаларға берілген;
- 2) Даму Банкін қоспағанда, Мемлекеттік даму институттары олар бойынша тікелей кредиторлар болып табылатын;
- 3) қаржы институттары ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеуге беретін, сондай-ақ Ауыл шаруашылығы министрлігінің бюджеттік бағдарламалары шеңберінде субсидияланатын кредиттер Субсидиялауға жатпайды.»;

12-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«минералдық шикізатты өңдеуді жүзеге асыратын металлургия өнеркәсібінде жұмыс істейтін және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 1771 қаулысына сәйкес Мониторингке жататын ірі салық төлеушілердің тізбесіне енгізілген;»;

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«18. Субсидиялау мерзімі 3 (үш) жылдан аспауы тиіс. Бұл ретте, жобаны субсидиялау мерзімі бастапқы Субсидиялау шартын жасасқан күннен бастап

есептеледі.» ;

«Субсидиялар беру үшін Бағдарламаға қатысушылардың өзара іс-қимыл тәртібі» деген 4-бөлімде:

35-тармақта:

мынадай мазмұндағы 4-2) тармақшамен толықтырылсын:

«4-2) Банк/Даму Банкі шешімі мазмұнының орындалуы/орындалмауы үшін жауапкершілікті Банк/Даму Банкі өзі көтереді;»;

44, 45 және 46-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«44. ҚҚҚ-дан құжаттарды алғаннан кейін Қаржы агенті Борышкер туралы ақпаратты қарауды жүзеге асырады, оны Субсидиялау/субсидияламау жөнінде ұсынымдар әзірлейді және барлық материалдарды Жұмыс органына жібереді.

45. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Жұмыс органына ай сайын одан Субсидиялау нысанында мемлекеттік қолдау алатын жеке кәсіпкерлік субъектілерінің тізбесін береді.

46. Жұмыс органы барлық құжаттар мен ақпаратты алғаннан кейін Сауықтыру жоспарларын Кредиторлар комитетімен келіскен Борышкерлердің материалдарын өз ұсынымдарымен бірге Жұмыс тобының қарауына шығарады.»;

47-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«47. Жұмыс органы құжаттарды Жұмыс тобына жіберген сәтке дейін;»;

«Субсидиялау тетігі» деген 5-бөлімде:

57-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«57. Субсидиялау үшін көзделген қаражатты Қаржы агенті Субсидиялау шартына төлемдер кестесін ескере отырып, ай сайын аванстық төлемдермен Банктің/Даму Банкінің ағымдағы есеп шотына аударуды жүзеге асырады.»;

59-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«59. Төлем агенті – Банкі/Банк/Даму Банкі Кәсіпкер берешекті өтегенге дейін сыйақы ставкасының субсидияланатын бөлігін өтеу үшін Лизингтік компанияның шотынан/Қаржы агентінің ағымдағы шотынан қаражатты есептен шығаруды жүргізбейді және мынадай:

1) Кәсіпкер лизинг бойынша төлемді уақытында өтемеген, соның ішінде Банк /Даму Банкі алдындағы сыйақы ставкасының субсидияланбайтын бөлігін өтеу бойынша ;

2) Кәсіпкер 3 (үш) ай қатарынан Лизингтік компания/Банк/Даму Банкі алдындағы төлемдерді төлеу бойынша міндеттемелерін орындамаған жағдайда, бұл туралы Қаржы агентін 2 (екі) жұмыс күні ішінде тиісті хатпен хабардар етеді .
» ;

63-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«63-1. Егер Банк/Даму Банкі қолданыстағы Банктік қарыз шартының талаптарын өзгерткен жағдайда (кредит сомасын, сыйақы ставкасын, сыйақы

төлеу мерзімін, негізгі борыш және/немесе сыйақы төлеу бойынша мерзімін ұзартуды), Қаржы агенті Банктен/Даму Банкінен алынған тиісті хат негізінде Жұмыс органын хабардар етеді. Бұл ретте, Қаржы агентінің хатында қолданыстағы Банктік қарыз шарты талаптарының барлық өзгерістері айқын көрсетілуі тиіс.»;

«Субсидиялауды тоқтата тұру, тоқтату және қалпына келтіру тәртібі» деген 6-бөлімде:

66-тармақтың үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Субсидиялауды тоқтату/қалпына келтіру туралы шешім қабылдау үшін мәселені Жұмыс тобының қарауына шығару үшін тоқтата тұру негіздемелері туралы ақпараты бар хат жіберу арқылы Жұмыс органын хабардар етеді.»;

70-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«70. Субсидиялау тоқтатылған жағдайда Банк/Даму Банкі қолданыстағы кредит бойынша Борышкерге Субсидиялау шарты жасалғанға дейін қаржыландырудың (оның ішінде сыйақы ставкасы, комиссиялар, алымдар және/немесе өзге де төлемдер мен басқа да шарттар) бұрын қолданылған шарттарын белгілеуге құқылы.»;

мынадай мазмұндағы 70-1-тармақпен толықтырылсын:

«70-1. Борышкерге субсидиялау тоқтатылған, Борышкердің кредит бойынша негізгі борышын мерзімінен бұрын ішінара/толық өтеген жағдайда Банк/Даму Банкі өзара есеп айырысуларды салыстыру актісін қаржы агентіне 7 (жеті) жұмыс күні ішінде ұсынады.»;

«Бағдарламаның мониторингі» деген 7-бөлімде:

71-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«71. Бағдарламаны іске асыру мониторингін Қаржы агенті жүзеге асырады, оның функцияларына мыналар жатады:

Банк ұсынатын деректер негізінде Борышкердің төлем тәртібінің мониторингі ;

жобаның және/немесе Борышкердің Бағдарламаның шарттарына және/немесе Жұмыс тобының шешіміне сәйкестігі мониторингі;

Сауықтыру жоспарының орындалу мониторингі.»;

көрсетілген қаулымен бекітілген «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасының «Жаңа бизнес-бастамаларды қолдау» бірінші бағыты шеңберінде жеке кәсіпкерлік субъектілеріне екінші деңгейдегі банктердің кредиттері бойынша кепілдік беру ережесінде:

«Терминдер мен анықтамалар» деген 2-бөлімде:

мына:

дара кәсіпкер немесе заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелу мерзімі мемлекеттік қолдау үшін өтініш білдірген сәтте бір күнтізбелік жылдан аз,

«Ісін жаңа бастаған кәсіпкер

кәсіпкерлік қызметке байланысты кредиттік тарихы жоқ жеке кәсіпкерлік субъектісі»

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«Ісін жаңа бастаған кәсіпкер

дара кәсіпкер немесе заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелу мерзімі Банкке кредит үшін өтініш білдірген сәтте күнтізбелік бір жылдан аз, кәсіпкерлік қызметке байланысты кредиттік тарихы жоқ жеке кәсіпкерлік субъектісі. Жұмыс істеп жатқан үлестес жеке кәсіпкерлік субъектісінің ағымдағы қызметінен өзгеше жаңа қызмет түрін құру шартында ісін жаңа бастаған кәсіпкердің жұмыс істеп жатқан жеке кәсіпкерлік субъектілерімен үлестес болуына жол беріледі.»;

«Кепілдіктер беру шарттары» деген 3-бөлімде:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

« 5 . М ы н а д а й :

1) акцизделетін тауарларды шығару көзделетін Жобаларға берілген;
2) Даму Банкін қоспағанда, Мемлекеттік даму институттары тікелей кредитторы болып табылатын;

3) металлургия өнеркәсібінде жұмыс істейтін, минералды шикізатты қайта өңдеуді жүзеге асыратын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 1771 қаулысына сәйкес Мониторингке жататын ірі салық төлеушілердің тізбесіне енгізілген кәсіпкерлердің;

4) қаржы институттары ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуге беретін, сондай-ақ Ауыл шаруашылығы министрлігінің бюджеттік бағдарламалары шеңберінде субсидияланатын кредиттер кепілдік беруге жатпайды.»;

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Кепілдік беру Банктер/Даму Банкі жаңа Жобаларды іске асыру үшін беретін жаңа кредиттер бойынша, сондай-ақ инвестицияларға, өндірісті жаңғыртуға және кеңейтуге бағытталған іске асырылып жатқан Жобалар бойынша ғана беріледі.

Бұрын алынған кредиттерді қайта қаржыландыруға бағытталған кредиттер бойынша кепілдік беруге жол берілмейді.»;

10-тармақ алынып тасталсын;

11, 12 және 13-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«11. Ісін жаңа бастаған Кәсіпкерлер үшін 20 млн. теңгеден аспайтын мөлшердегі кредиттер бойынша кепілдік беру шарттары:

1) кепілдік беру жүзеге асырылып жатқан кредит (тердің) сомасы Ісін жаңа бастаған бір кәсіпкер үшін 20 млн теңгеден аспайды. Бұл ретте, кредиттің (тердің) сомасы Ісін жаңа бастаған бір кәсіпкердің онымен үлестес тұлғалардың/компаниялардың кредиті (тері) бойынша берешекті есепке алмай есептеледі.

2) кепілдіктің ең жоғарғы мөлшері кредит сомасының 70 %-ынан аспайды, бұл ретте Ісін жаңа бастаған кәсіпкер (кепіл) құны кредит сомасының кемінде 30 %-ы мөлшерінде кредит бойынша қамтамасыз етуді ұсынады. Көрсетілген

кредитті қамтамасыз ету құрамында басқа талаптарды қамтамасыз ету үшін тағы да бір кепіл нысаны болып табылатын мүлікті (мүлікті кейіннен кепілге беру) беруге жол берілмейді. Бұл ретте, Бағдарламаға қатысу үшін қамтамасыз ету көлемінің жеткілікті болуын есептегенде, болашақта кепілге қойылатын мүлік, талап ету құқығының кепілі, шаруашылық серіктестіктердің жарғылық капиталындағы қатысу үлестерінің кепілі ескерілмейді.

3) кепілдік беру мерзімі 5 (бес) жылдан аспайды.

100 % айналым қаражатын толықтыруға бағытталған кредитке кепілдік беруге жол беріледі (жалақы төлеу, салық және өзге де міндетті төлемдер, кредиттерге, қарыздарға немесе лизинг шарттарына және Ісін жаңа бастаған кәсіпкердің негізгі қызметін жүзеге асыруға байланыссыз өзге де мақсаттар бойынша ағымдағы төлемдер бойынша есеп айырысу жүргізуді қоспағанда). Осы кредиттер бойынша кепілдік беру мерзімі 3 (үш) жылдан аспайды.

12. 60 млн. теңгеден аспайтын мөлшердегі кредиттер бойынша кепілдік беру ш а р т т а р ы :

1) Кепілдік беру жүзеге асырылып жатқан кредит (тердің) сомасы Кәсіпкердің әрбір жеке Жобасы бойынша 60 млн. теңгеден аспайды. Кредиттің (тердің) сомасы Кәсіпкердің онымен үлестес тұлғалардың/компаниялардың кредиті (тері) бойынша берешекті есепке алмай әрбір жобасына жеке есептеледі, бұл ретте кредиттердің жалпы сомасы бір Кәсіпкер үшін 300 млн. теңгеден а с п а у ы т и і с .

2) кепілдіктің ең жоғарғы мөлшері кредит сомасының 50 %-ынан аспауы керек, бұл ретте Кәсіпкер (кепіл) құны кредит сомасының кемінде 50 %-ы мөлшерінде кредит бойынша қамтамасыз етуді ұсынады. Көрсетілген кредитті қамтамасыз ету құрамында басқа талаптарды қамтамасыз ету үшін тағы да кепілдің нысанасы болып табылатын мүлікті (мүлікті кейіннен кепілге беру) жол берілмейді. Бұл ретте, Бағдарламаға қатысу үшін қамтамасыз ету көлемінің жеткілікті болуын есептегенде, болашақта кепілге қойылатын мүлік, талап ету құқығының кепілі, шаруашылық серіктестіктердің жарғылық капиталындағы қатысу үлестерінің кепілі ескерілмейді.

3) кепілдік беру мерзімі 5 (бес) жылдан аспауы тиіс.

100 % айналым қаражатын толықтыруға бағытталған кредитке кепілдік беруге жол беріледі (жалақы төлеу, салық және өзге де міндетті төлемдер, кредиттерге, қарыздарға немесе лизинг шарттарына және Ісін жаңа бастаған кәсіпкердің негізгі қызметін жүзеге асыруға байланыссыз өзге де мақсаттар бойынша ағымдағы төлемдер бойынша есеп айырысу жүргізуді қоспағанда). Осы кредиттер бойынша кепілдік беру мерзімі 3 (үш) жылдан аспайды.

13. Кәсіпкерлердің 60-тан 300 млн. теңгеге дейінгі (қоса алғанда) мөлшердегі кредиттері бойынша кепілдік беру шарттары:

1) Кепілдік беру жүзеге асырылып жатқан кредит (тердің) сомасы бір Кәсіпкер үшін 300 млн. теңгеден аспайды. Бұл ретте, кредиттің (тердің) сомасы онымен үлестес тұлғалардың/компаниялардың кредиті (тері) бойынша берешекті есепке алмай бір Кәсіпкер үшін есептеледі.

2) кепілдіктің ең жоғарғы мөлшері кредит сомасының 50 %-ынан аспауы керек, бұл ретте Кәсіпкер (кепіл) құны кредит сомасының кемінде 50 %-ы мөлшерінде кредит бойынша қамтамасыз етуді ұсынады. Бұл ретте, Бағдарламаға қатысу үшін қамтамасыз ету көлемінің жеткілікті болуын есептегенде, болашақта кепілге қойылатын мүлік, талап ету құқығының кепілі, шаруашылық серіктестіктердің жарғылық капиталындағы қатысу үлестерінің кепілі ескерілмейді.

3) Кәсіпкер Жобаны іске асыруға Жобаны іске асырудың жалпы құнының 10 %-дан төмен емес деңгейде өз ақшалай қаражатының қатысуын немесе Жобаны іске асыруға Жобаны іске асырудың жалпы құнының 20 %-дан төмен емес деңгейде өзінің жылжитын/жылжымайтын мүлкімен (соның ішінде қамтамасыз ету үшін ұсынылатын үшінші тұлғалардың мүлкімен) қатысуды қамтамасыз етуі тиіс.

4) кепілдік беру мерзімі 3 (үш) жылдан аспауы тиіс.

5) айналым қаражатты қаржыландыру инвестицияларға, негізгі құралдарды сатып алуға және/немесе жаңғыртуға берілетін кредит шеңберінде, бірақ жалпы кредит сомасының 30 %-ынан аспайтын мөлшерде жүзеге асырылатын жағдайларды қоспағанда, Кепілдік беру айналым қаражатын толықтыруға берілетін кредиттер бойынша жүзеге асырылмайды.»;

14-тармақ алынып тасталсын;

15 және 16-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«15. Кепілдік беру шарты жасалатын кредит кредиттік желіні ашу туралы дербес банктік қарыз шарты/келісімі түрінде ресімделуі тиіс.

16. Кәсіпкер Кепілдік беру шартына қол қойғанға дейін Қаржы агентіне кепілдікті беру үшін кепілдік беру мерзіміне байланысты: 2 (екі) жылға дейін (қоса алғанда) - кепілдік беру сомасының 0,5 %-н; 2 (екі) жылдан астам - кепілдік беру сомасының 1 %-н төлейді.»;

18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«18. Жергілікті деңгейдегі Бағдарламаның үйлестірушісі Қаржы агентіне төлейтін кепілдік құны кепілдік сомасының 20 %-ын құрайды. Бұл ретте, Қаржы агенті алынған қаражатты өз қалауы бойынша әртүрлі қаржы құралдарына орналастыруға құқылы.»;

«Кепілдіктер беру үшін Бағдарламаға қатысушылардың өзара іс-қимыл жасау тәртібі» деген 4-бөлімде:

21-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«21. Банк/Даму Банкінің ішкі құжаттарында белгіленген рәсімге сәйкес Банк/Даму Банкі Кәсіпкердің өтінішін дербес қарайды, ол берген құжаттарды, Кәсіпкердің қаржылық жағдайын талдайды, Кәсіпкер ұсынған кепілдік мүлкін бағалау туралы қорытындының негізінде Кәсіпкерді қамтамасыз етудің кепілдік құнына бағалау жүргізеді және қамтамасыз ету жеткіліксіз болған жағдайда Жобаны Қаржы агентінің ішінара кепілдігі арқылы кредит беру мүмкіндігі туралы шешім қабылдау үшін Банктің/Даму Банкінің ішкі кредит саясатын іске асыратын Жұмыс органының қарауына шығарады.»;

23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«23. Қаржы агенті Банктен/Даму Банкінен құжаттарды алғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде 60 млн. теңгеден аспайтын кредиттер бойынша және 15 (он бес) жұмыс күні ішінде 60 млн. теңгеден астам кредиттер бойынша алынған құжаттарды қарайды және жобаны кепілдік беру/бермеу туралы шешім қабылдау үшін Қаржы агентінің уәкілетті органының қарауына шығарады.

Ұсынылған құжаттарға ескертулер болған және/немесе қосымша ақпарат беру қажет болған жағдайда анықталған ескертулерді және/немесе ақпарат беру туралы сұранысты Қаржы агенті 5 (бес) жұмыс күні ішінде жою және/немесе ақпарат ұсыну үшін Банкке/Даму Банкіне жолдайды. Бұл ретте, Қаржы агенті үшін жоғарыда көрсетілген құжаттарды қарау мерзімі қайтадан басталады.»;

көрсетілген қаулымен бекітілген «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасының «Кәсіпкерлердің валюталық тәуекелін төмендету» үшінші бағыты шеңберінде жеке кәсіпкерлік субъектілеріне екінші деңгейдегі банктердің кредиттері бойынша сыйақы ставкаларын субсидиялау ережесінде:

«Жалпы ережелер» деген 1-бөлімде:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасының «Кәсіпкерлердің валюталық тәуекелін төмендету» үшінші бағыты шеңберінде жеке кәсіпкерлік субъектілеріне екінші деңгейдегі банктердің кредиттері бойынша сыйақы ставкаларын субсидиялау ережесі (бұдан әрі - Ереже) «Жеке кәсіпкерлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және жеке кәсіпкерлік субъектілеріне екінші деңгейдегі банктер берген кредиттер бойынша сыйақы ставкасының бір бөлігін субсидиялау шарттары мен тетігін айқындайды.»;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Субсидиялау үшін көзделген қаражатты жергілікті деңгейдегі Бағдарламаның Үйлестірушісі Қаржы агентіне «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасының шеңберінде өздерінің арасында жасалатын Субсидиялау және кепілдік беру шарты негізінде жергілікті бюджетке бағытталған нысаналы трансферттің қаражаты есебінен аударарды.»;

«Субсидияларды беру шарттары» деген 3-бөлімде:

8 және 9-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

« 8 . М ы н а д а й :

- 1) акцизделетін тауарлар шығаруды көздейтін Жобаларға берілген;
- 2) Даму Банкін қоспағанда, Мемлекеттік даму институттары тікелей кредиторы болып табылатын;
- 3) минералдық шикізатты өңдеуді жүзеге асыратын, металлургия өнеркәсібінде жұмыс істейтін және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 1771 қаулысына сәйкес Мониторингке жататын ірі салық төлеушілердің тізбесіне енгізілген кәсіпкерлердің;
- 4) қаржы институттары ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу үшін беретін, сондай-ақ Ауыл шаруашылығы министрлігінің бюджеттік бағдарламалары шеңберінде субсидияланатын;
- 5) тау-кен өндірісінде өз қызметін жүзеге асыратын кәсіпкерлердің кредиттері Субсидиялауға жатпайды.

9. Субсидиялау негізгі құралдарды сатып алуға және/немесе жаңғыртуға және/немесе өндірісті кеңейтуге және/немесе айналым қаражатын толықтыруға және/немесе қайта қаржыландыруға берілген кредиттер бойынша жүзеге асырылады.

Бұл ретте, жаңартылатын негізде берілетін айналым қаражатын толықтыру үшін кредиттерге жол беріледі. Негізгі құралдарды сатып алуға және/немесе жаңғыртуға және/немесе өндірісті кеңейтуге берілген кредит шеңберінде айналым қаражатын толықтыруға берілетін кредитті жаңғырту мүмкіндігінің шарты ӨҮК шешімінде көрсетілуі тиіс.»;

11, 12 және 13-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«11. Субсидиялау жүзеге асырылатын кредиттің (-тердің) сомасы бір Кәсіпкер үшін 1,5 млрд. теңгеден аспайды. Бұл ретте, кредиттің (-тердің) сомасы Кәсіпкермен үлестес тұлғалардың/компаниялардың кредиті (-тері) бойынша берешекті есепке алмай, бір Кәсіпкер үшін есептеледі.

Егер сыйақы ставкасын субсидиялау жүзеге асырылатын кредит сомасы 1,5 млрд. теңгеден артық, бірақ 4,5 млрд. теңгеден аспайтын болса, Қаржы агенті ӨҮК шешімі мен құжаттарды алғаннан кейін Кәсіпкер туралы ақпаратты қарауды жүзеге асырады, жобаға және Субсидиялау мүмкіндігі/мүмкін еместігі туралы ұсынымдарға экономикалық талдау жасайды және материалдарды Жұмыс органына келісу үшін жібереді. Жұмыс органы мынадай жағдайларда:

- 1) егер Кәсіпкердің жобасын іске асыру кезінде қолданыстағыларға қатысты кемінде 10 % жаңа тұрақты жұмыс орындары құрылмаса;
- 2) егер Кәсіпкердің жобасы Бағдарламаның өлшемдеріне сәйкес келмесе, Субсидиялаудан бас тартады.

Сыйақы ставкасын субсидиялау жүзеге асырылатын валюталық кредиттер

сомалары бір Кәсіпкер үшін 1,5 млрд. теңге баламалы мөлшерден аспауы тиіс.

12. Субсидиялау мерзімі кейіннен 10 жылға дейін ұзарту мүмкіндігімен 3 (үш) жылға дейінгі мерзімді құрайды. 3 (үш) жыл өткен соң Субсидиялау шартының қолданылу мерзімін ұзартуды Банк/Даму Банкі хатының негізінде кәсіпкерлерді тиісті жылы субсидиялау үшін республикалық бюджеттен субсидиялауға арналған қаражат бөлінген кезде ғана ӨҮК шешімімен мақұлданады. Хатқа Банктің/Даму Банкінің Кәсіпкерді субсидиялау мерзімін ұзартуы туралы шешімі қ о с а б е р і л е д і .

Субсидиялау шартының қолданылу мерзімін ұзарту жыл сайын жүзеге а с ы р ы л а д ы .

13. Банктің кредиттері бойынша сыйақының номиналды ставкасы жылдық 14 %-дан аспайтын жағдайда субсидиялау жүзеге асырылады, оның 6 %-ын Кәсіпкер төлейді, ал айырмасын мемлекет өтейді. Бұл ретте, Банк:

1) Кәсіпкер бастама жасайтын кредит беру шарттарының өзгеруіне б а й л а н ы с т ы ;

2) Кәсіпкердің кредит бойынша міндеттемелерді бұзуының себебі бойынша алынатын комиссияларды, алымдарды және/немесе өзге төлемдерді қоспағанда, кредитпен байланысты қандай да бір комиссияларды, алымдарды және/немесе өзге төлемдерді алмайды.

Сыйақы ставкасын субсидиялау (Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі басқармасының 2006 жылғы 25 желтоқсандағы № 296 қаулысына сәйкес) жіктелетіндерге жатпайтын, номиналды сыйақы ставкасы 12 %-дан аспайтын валюталық стандартты кредиттер бойынша жүзеге асырылуы мүмкін, оның 5 %-ын Кәсіпкер төлейді, ал айырмасын мемлекет өтейді.

Даму Банкінің кредиттері бойынша сыйақы ставкасын субсидиялау номиналды сыйақы ставкасы 13 %-дан аспайтын кредиттер бойынша жүзеге асырылуы мүмкін, оның 5 %-ын Кәсіпкер төлейді, ал айырмасын мемлекет өтейді. Бұл ретте, Даму Банкі:

1) Кәсіпкер бастама жасайтын кредит беру шарттарының өзгеруіне б а й л а н ы с т ы ;

2) Кәсіпкердің кредит бойынша міндеттемелерді бұзуының себебі бойынша алынатындарды қоспағанда, кредитпен байланысты қандай да бір комиссияларды, алымдарды және/немесе өзге төлемдерді алмайды.

Сыйақы ставкасын субсидиялау (Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі басқармасының 2006 жылғы 25 желтоқсандағы № 296 қаулысына сәйкес) жіктелетіндерге жатпайтын, Даму Банкінің сыйақы ставкасын 11 %-ға дейін төмендететін валюталық стандартты кредиттері бойынша жүзеге асырылады, оның 4 %-ын Кәсіпкер төлейді, ал

айырмасын

мемлекет

өтейді.

Оң бағамдық айырма туындаған жағдайда оны болашақ субсидиялар есебіне есептейді, ал бағамдық айырма теріс болған жағдайда - өтеу қарыз алушыға жүктеледі.» ;

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«15. Егер Банктің кредиті бойынша сыйақы ставкасы жылына 14 %-дан кем болған жағдайда, онда 6 %-ын Кәсіпкер төлейді, ал айырмасын мемлекет өтейді, ал валюталық кредиттер бойынша жылына 12 %-дан кем болған жағдайда, онда 5 %-ын Кәсіпкер төлейді, ал айырмасын мемлекет өтейді;

Егер Даму Банкінің кредиті бойынша сыйақы ставкасы жылына 13 %-дан кем болған жағдайда, онда 5 %-ын Кәсіпкер төлейді, ал айырмасын мемлекет өтейді, ал валюталық кредиттер бойынша жылына 11 %-дан кем болған жағдайда, онда 4 %-ын Кәсіпкер төлейді, ал айырмасын мемлекет өтейді.»;

«Субсидиялар беру үшін Бағдарламаға қатысушылардың өзара іс-қимыл тәртібі» деген 4-бөлімде:

19-тармақ мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

«9) Бағдарламаға қатысуға мүмкіндік беретін шарттарда Кәсіпкердің кредиті бойынша сыйақы ставкасын төмендету мүмкіндігі туралы Банктің/Даму Банкінің оң шешімі бар хаты.» ;

23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«23. Бағдарламаны жергілікті деңгейде үйлестіруші ӨҮК мүшелері хаттамаға қол қойғаннан кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде Банкке/Даму Банкіне және қаржы агентіне хаттаманың көшірмесін жолдайды.

ӨҮК шешімінің қолданылу мерзімі Банк/Даму Банкі ӨҮК хаттамасын алған күннен бастап 3 ай.» ;

«Субсидиялау тетігі» деген 5-бөлімде:

25-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«25. Банк/Даму Банкі қолданыстағы кредит бойынша Субсидиялау шартына қол қойылған сәтке дейін Банктік қарыз шартымен көзделген негізгі берешек пен сыйақыны уақтылы өтеу бойынша міндеттемелерді Кәсіпкердің орындамағаны үшін айыппұлдар мен өсімпұлдарды есептен шығаруы тиіс және мыналарды қоспағанда, Кәсіпкерден комиссиялар, алымдар және/немесе кредитпен байланысты өзге төлемдер өндіріп алмау және белгілемеу міндеттемесін қабылдайды.» ;

26 және 27-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«26. Субсидиялау шартын:

1) Банк/Даму банкі:

үлгі жобалар бойынша жергілікті деңгейдегі Бағдарлама Үйлестірушісінен хаттама алған сәттен бастап 7 жұмыс күні ішінде;

айрықша шарттары бар жобалар бойынша жергілікті деңгейдегі Бағдарлама Үйлестірушісінен хаттама алған сәттен бастап 20 жұмыс күні ішінде Бағдарламада белгіленген нысанға сәйкес жасайды;

2) қаржы агенті:

үлгі жобалар бойынша Банктен/Даму Банкінен Субсидиялау шартын алған сәттен бастап 3 жұмыс күні ішінде;

айрықша шарттары бар жобалар бойынша Банктен/Даму Банкінен Субсидиялау шартын алған сәттен бастап 10 жұмыс күні ішінде жасайды.

Егер Банк/Даму Банкі осы Ереженің 26-тармағының 1) тармақшасында белгіленген мерзімдерде Субсидиялау шартын уақытында жасамаған жағдайда, онда Банк/Даму Банкі ресми хат арқылы кідіру себептерін түсіндіре отырып, қаржы агентін және Бағдарлама үйлестірушісін хабардар етеді.

Субсидиялау шарты белгіленген нысанға, Бағдарлама талаптары және ӨҮК шешіміне сәйкес болу шартымен оған қаржы агенті қол қойған күніне қарамастан Кәсіпкер, Банк/Даму Банкі қол қойған күнінен бастап күшіне енеді. Бұл ретте, Субсидиялау шартының күшіне енгізілген күні қаржы агенті тарапынан түзетуге жатпайды.

Банктік қарыз шарты және/немесе Субсидиялау шартының талаптары ӨҮК шешіміне және/немесе Бағдарлама талаптарына сәйкес келмесе, қаржы агенті Субсидиялау шартына қол қоймайды. Бұл ретте, қаржы агенті Бағдарлама Үйлестірушісін, Банк/Даму Банкі және Кәсіпкерді хабардар етеді.

Бағдарлама Үйлестірушісі, Банк/Даму Банкі ескертулерді жойған жағдайда қаржы агенті Субсидиялау шартына қол қояды.

Жергілікті деңгейдегі Бағдарлама Үйлестірушісі, Банк/Даму Банкі қаржы агентінің ескертулерімен келіспеген жағдайда Бағдарлама Үйлестірушісі жобаны Жұмыс органына келісуге жолдайды.

Жұмыс органы қарау нәтижелері бойынша Кәсіпкерді Субсидиялау мүмкіндігі немесе Субсидиялаудан бас тарту туралы шешімді келіседі. Келісу нәтижелерін Қаржы агентіне тиісті хатпен жолдайды (бұл ретте көшірмеде жергілікті деңгейдегі Бағдарлама Үйлестірушісін, Банкті/Даму Банкі мен Кәсіпкерді көрсетеді).

27. Сыйақы ставкасының Субсидияланатын бөлігін төлеу күнін Кәсіпкер, Банк/Даму Банкі дербес айқындайды. Егер кредит бойынша сыйақыны аудару Кәсіпкер, Банк/Даму Банкі Субсидиялау шартына қол қойған күнінен кейінгі күннен басталса, Субсидиялау кезеңіне Кәсіпкер, Банк/Даму Банкі Субсидиялау шартына қол қойған күн қосылмайды.

Субсидиялау мерзімі Банк/Даму Банкі және Кәсіпкер Субсидиялау шартына қол қойған сәттен басталады.»;

31-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«31. Субсидиялау үшін көзделген қаржыны Банктегі/Даму Банкіндегі ағымдағы шотқа ай сайын аванстық төлемдермен Субсидиялау шартының төлемдер кестесін есепке ала отырып аударуды қаржы агенті жүзеге асырады. Банк/Даму Банкі қаржы агентінің ағымдағы шотынан Бағдарламада белгіленген тәртіппен субсидиялар сомаларын есептен шығаруды жүзеге асырады.»;

34-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«34. Кәсіпкердің кредит бойынша төлемді (негізгі берешегі мен сыйақы ставкасының Субсидияланбайтын бөлігін) толық төлеуді жүргізу фактісі бойынша Банк/Даму Банкі Кәсіпкердің кредиті бойынша сыйақы ставкасының субсидияланатын бөлігін өтеу есебіне Қаржы агентінің ағымдағы шотынан ақшаны есептен шығаруды жүзеге асырады.

Кәсіпкер берешегін өтегенге дейін Банк/Даму Банкі сыйақы ставкасының Субсидияланатын бөлігін өтеу үшін Қаржы агентінің ағымдағы шотынан ақшаны есептен шығаруды жүргізбейді және төменде көрсетілген әрбір жағдайда бұл туралы Қаржы агентін 2 (екі) жұмыс күні ішінде тиісті хатпен хабардар етеді:

1) Кәсіпкердің кредит бойынша төлемді уақытында өтемеуі, соның ішінде Банк/Даму Банкі алдында сыйақы ставкасының Субсидияланбайтын бөлігін өтеу б о й ы н ш а ;

2) Кәсіпкердің Банк/Даму Банкі алдындағы төлемдерді төлеу бойынша міндеттемелерін 3 (үш) ай қатарынан орындамауы.»;

36 және 37-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«36. Кәсіпкердің Банктік қарыз шартының талаптарына, ӨҮК хаттамасына сәйкес қаржы агенті сыйақы ставкасының субсидияланбайтын бөлігін төлеу және /немесе негізгі қарызды өтеу бойынша Банк/Даму Банкі жеңілдік кезең/мерзімін кейінге қалдыру ұсынған Кәсіпкердің кредиті бойынша сыйақы ставкасының субсидияланатын бөлігінде субсидия аударуды жүзеге асыруға құқылы.

Бұл ретте, жеңілдікті кезең/мерзімін кейінге қалдыру мерзімі ӨҮК шешімінде к ө р с е т і л у і т и і с .

37. Егер Банк/Даму Банкі қолданыстағы Банктік қарыз шартының талаптарын өзгерткен жағдайда, Банк/Даму Банкі тиісті хаттың негізінде Бағдарлама Үйлестірушісін хабардар етеді. Бағдарлама Үйлестірушісі 7 (жеті) жұмыс күні ішінде қаржыландыру талаптарының жасалған өзгерістерін хатпен келіседі немесе келісуден бас тартады (бұл ретте, хаттың көшірмесінде қаржы агенті к ө р с е т і л е д і) . » ;

«Субсидиялауды тоқтата тұру, тоқтату және қалпына келтіру тәртібі» деген 6 - б ө л і м д е :

39-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) жобаның және/немесе Кәсіпкердің Бағдарламаның талаптарына және/немесе ӨҮК шешіміне сәйкес келмеуі, соның ішінде тиісті кезеңде валюталық

т ү с і м н і ң

б о л м а у ы ; »

42-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«42. ӨҮК өткізілетін отырыс шеңберінде мынадай іс-қимылдарды жүзеге а с ы р а д ы :

1) қаржы агенті ұсынған ақпаратпен күн тәртібіне енгізілген мәселені қ а р а й д ы ;

2) Субсидиялауды тоқтату немесе қалпына келтіру туралы шешім қ а б ы л д а й д ы .

Бұл ретте, шешімде субсидиялауды тоқтата тұрудың/қалпына келтірудің негіздемесі к ө р с е т і л е д і .

Кәсіпкер Субсидиялауды тоқтата тұруға негіз болған себептерді жойған жағдайда ӨҮК шешімі қабылданғанға дейін Субсидиялауды қалпына келтіру туралы шешім қабылдануы мүмкін.»;

44-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«44. Субсидиялауды тоқтата тұрудың мынадай себептері кезінде кредит бойынша Субсидиялауды қалпына келтіруге жол беріледі:

1) жобаның және/немесе Кәсіпкердің Бағдарлама талаптарына және/немесе ӨҮК шешіміне сәйкес келмеуі, оның ішінде тиісті кезеңде валюталық түсімнің б о л м а у ы ;

2) Бағдарламаға қатысушының шоттарына тыйым салынуы және/немесе сот т а л қ ы л а у л а р ы н ы ң ө т у і ;

3) Кәсіпкердің қатарынан 3 (үш) ай бойы Банктік қарыз шартына төлемдер кестесіне сәйкес Банк алдындағы төлемдерді төлеу жөніндегі міндеттемелерін о р ы н д а м а у ы ;

4) тиісті кезеңде валюталық түсімнің тиісті деңгейінің болуын растайтын қ ұ ж а т т а р д ы ң б о л м а у ы .

Кәсіпкер Субсидиялау жүзеге асырылатын жаңа кредитті мақсатсыз пайдаланған жағдайда кредит бойынша Субсидиялауды қалпына келтіруге т ы й ы м с а л ы н а д ы .

Кәсіпкерді Субсидиялауды қалпына келтіру туралы шешім қабылданған кезде, қаржы агенті тиісті хатпен Банкті/Даму Банкін және Кәсіпкерді Субсидиялау төлемдерінің қалпына келуі туралы хабардар етеді.

Бір уақытта, ол тоқтата тұру кезеңінде төленбеген Субсидияларды төлеуді жүргізеді. Осы Ереженің 39-тармағының 4-тармақшасында көрсетілген негіздер бойынша Субсидиялауды тоқтату тұру жағдайында Кәсіпкер мерзімін өткізіп алған күннен төлеуге жататын Субсидиялар төлемін жүзеге асырады.

44-1. Кәсіпкерді Субсидиялауды тоқтату туралы шешім қабылданған жағдайда, қаржы агенті тиісті хатпен Субсидиялау шарты бұзылған күні мен бұзу себебі көрсетілген Субсидиялау шартын біржақты бұзу туралы хабарламаны

Кәсіпкерге, Банкке/Даму Банкіне жібереді.

44-2. Кәсіпкер Субсидиялауды тоқтатуға негіз болған себептерді жойған жағдайда, Субсидиялауды тоқтату туралы шешім қабылданғаннан кейін Банк/Даму Банкі Бағдарлама Үйлестірушісіне мәселені ӨҮК-ге шығару туралы хатпен шығады. Бұл ретте, хатта жоба бойынша Субсидиялауды тоқтату себептерін (ӨҮК хаттамасын қоса береді) және Кәсіпкердің Субсидиялауды тоқтатуға алып келген себептерді жойғанын көрсетеді.

44-3. Бағдарлама Үйлестірушісі мен ӨҮК осы Ереженің 6-бөлімінде белгіленген рәсімге және тәртіпке сәйкес іс-қимылдарды жасайды.

Бұл ретте, Субсидиялауды қалпына келтіру туралы шешім қабылданған жағдайда Субсидиялау мерзімі Субсидиялау шартын бастапқы жасасқан күннен бастап үш жылдан аспауы тиіс.

44-4. Кәсіпкерді Субсидиялауды қалпына келтіру туралы шешімді келіскен жағдайда, отырыс нәтижелері бойынша қаржы агенті Субсидиялау төлемдерінің қалпына келуі туралы Банкті/Даму Банкін және Кәсіпкерді тиісті хат арқылы хабардар етеді.

Бұл ретте, Субсидиялау тоқтатылған сәттен немесе Кәсіпкер мерзімін өткізіп алған күннен бастап және ӨҮК Субсидиялауды қалпына келтіру туралы жаңа шешім қабылдағанға дейін Субсидиялау сомалары Кәсіпкерге өтелмейді.»;

мынадай мазмұндағы 48-1-тармақпен толықтырылсын:

«48-1. Кәсіпкерге субсидиялау тоқтатылған, кредит бойынша негізгі қарыз ішінара/толық өтелген жағдайда Кәсіпкер, Банк/Даму Банкі өзара есеп айырысуларды салыстыру актісін қаржы агентіне 7 (жеті) жұмыс күні ішінде ұсынады.»;

«Бағдарлама мониторингі» деген 7-бөлімде:

49-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«49. Жобаны іске асыру мониторингін қаржы агенті жүзеге асырады, оның функцияларына мыналар жатады:

1) Банк/Даму Банкі ұсынған деректер мен құжаттар негізінде Субсидиялау шарты жасалған Кәсіпкердің кредитті мақсатты пайдалануына мониторинг;

2) Банк/Даму Банкі ұсынған деректер негізінде Кәсіпкердің субсидияланған кредитті төлеу тәртібінің мониторингі;

3) жобаның және/немесе Кәсіпкердің Бағдарламаның талаптарына және/немесе ӨҮК шешіміне сәйкестігінің, оның ішінде тиісті кезеңдегі валюталық түсімнің тиісті деңгейінің болуы мониторингі.»;

мынадай мазмұндағы 50-1-тармақпен толықтырылсын:

«50-1. Кәсіпкер тиісті қаржы жылының 31 желтоқсанына дейін Бағдарлама Үйлестірушісіне тиісті кезеңде валюталық түсімнің тиісті деңгейінің болуын растайтын құжаттар ұсынады.»

Кәсіпкер жоғарыда көрсетілген мерзімге дейін тиісті кезеңде валюта түсімінің тиісті деңгейінің болуын растайтын құжаттарды ұсынбаған жағдайда Бағдарламаның Үйлестірушісі тиісті хатпен Қаржы агентіне жобаны субсидиялауды тоқтата тұру қажеттілігі туралы хабарлайды және бұл мәселені

Ө Ү К - г е ш ы ғ а р а д ы .
Одан әрі іс-қимылдар осы Ереженің 6-бөлімінде белгіленген рәсім мен тәртіпке сәйкес жүргізіледі.».

3. «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасын іске асырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республика Үкіметінің 2012 жылғы 27 наурыздағы № 357 қаулысына:

көрсетілген қаулымен бекітілген «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасының «Жаңа бизнес-бастамаларды қолдау» бірінші бағыты шеңберінде Қаржы лизинг шарттары бойынша сыйақы ставкаларын субсидиялау қағидаларында:

«Жалпы ережелер» деген 1-бөлімде:
6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Субсидиялау үшін көзделген қаражатты жергілікті деңгейдегі Бағдарламаның Үйлестірушісі Қаржы агентіне «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасының шеңберінде өздерінің арасында жасалатын Субсидиялау және кепілдендіру шартының негізінде жергілікті бюджетке бағытталған нысаналы трансферт есебінен аударарды.»;

«Терминдер мен анықтамалар» деген 2-бөлімде:

мына:

«Банк - Төлем агенті Лизингтік компаниялардың/Даму Банкінің Қаржы лизингі шарттары бойынша Субсидияларды аударуға және есептен шығаруға арналған Қаржы агентінің арнайы ағымдағы шотын жүргізу функциясын Қаржы агентімен келісілуі және жүзеге асыруы тиіс Лизингтік компанияның уәкілетті банкі;»

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«Банк - Төлем агенті Қаржы агентімен келісілуі және жобалар бойынша Субсидияларды аударуға және есептен шығаруға арналған Лизингтік компанияның арнайы шотын жүргізу функцияларын жүзеге асыруы тиіс Лизингтік компанияның уәкілетті банкі;»;

«Субсидияларды беру шарттары» деген 3-бөлімде:
8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

« 8 . М ы н а д а й :

1) акцизделетін тауарларды шығаруды көздейтін Жобаларды іске асыру үшін берілген ;

2) Даму Банкінен басқа, Мемлекеттік даму институттары тікелей лизинг берушісі болып табылатын ;

3) металлургия өнеркәсібінде жұмыс істейтін, минералды шикізатты қайта өңдеуді жүзеге асыратын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы

29 желтоқсандағы № 1771 қаулысына сәйкес Мониторингке жататын ірі салық төлеушілер тізбесіне енгізілген кәсіпкерлермен;

4) қаржы институттары ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеуге беретін, сондай-ақ Ауыл шаруашылығы министрлігінің бюджеттік бағдарламалары шеңберінде субсидиялауды жүзеге асыратын Қаржы лизингі шарттары Субсидиялауға жатпайды.»;

15, 16, 17 және 18-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«15. Жаңа Қаржы лизингі шарттарына Кәсіпкерлер Лизингтік компаниялармен/Банктермен/Даму Банкімен жаңа инвестициялық жобаларды, сондай-ақ экономиканың басым секторларында өндірісті жаңғыртуға және кеңейтуге бағытталған жобаларды іске асыруға ӨҮК-ге жобаларды шығаруға дейін 6 айдан бұрын емес жасалған Қаржы лизингі шарттары да жатады.

16. Субсидиялау жүзеге асырылып жатқан Қаржы лизингі шартының (тарының) сомасы бір Кәсіпкер үшін 1,5 млрд. теңгеден аспайды. Бұл ретте, Қаржы лизингі шартының (тарының) сомасы Кәсіпкердің онымен үлестес тұлғалардың/компаниялардың Қаржы лизингі шарты (тары) бойынша берешекті есепке алмай бір Кәсіпкер үшін есептеледі.

Сыйақы ставкасын субсидиялау жүзеге асырылатын Қаржы лизингі шартының сомасы 1,5 млрд. теңгеден артық, бірақ 4,5 млрд. теңгеден аспайтын болса, онда Қаржы агенті ӨҮК-ден шешім мен құжаттарды алғаннан кейін Кәсіпкер туралы ақпаратты қарауды жүзеге асырады, оны Субсидиялау/Субсидияламау жөнінде ұсынымдар шығарады және барлық материалдарды Жұмыс органына келісуге жібереді.

Жұмыс органы мынадай жағдайларда:

1) егер Кәсіпкердің жобасын іске асыру кезінде қолданыстағыларға қатысты кемінде 10 % жаңа тұрақты жұмыс орындары құрылмаса;

2) егер Кәсіпкердің жобасы Бағдарламаның өлшемдеріне сәйкес келмесе, Субсидиялаудан бас тартады.

17. Кәсіпкер лизинг нысанасының жалпы құнының кем дегенде 10 %-нан аз емес деңгейде өзінің ақшалай қаражатымен, жылжымалы немесе жылжымайтын мүлкімен Жобаны іске асыруға қатысуды қамтамасыз етуі тиіс.

Лизинг бойынша міндеттемелерді орындауды қамтамасыз етуді жобаны іске асыруға тікелей қатыспайтын жылжымалы/жылжымайтын мүлікпен ұсынған жағдайда, бұл мүлік жобаға өзінің қатысуы ретінде қарастырылмайды.

18. Субсидиялау шарты одан әрі 5 (бес) жылға дейін ұзарту мүмкіндігімен Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес Субсидиялау шартын жасаған күннен бастап 3 (үш) жылға дейінгі мерзімді құрайды. 3 (үш) жыл өткеннен кейін Субсидиялау шартының қолданылу мерзімін ұзартуды тиісті қаржы жылы кәсіпкерлерді субсидиялау үшін республикалық бюджеттен субсидиялау үшін

қаражат бөлінген жағдайда ғана Лизингтік компанияның/Банктің/Даму Банкінің хатының негізінде ӨҮК шешімімен мақұлданады. Хатқа Кәсіпкерді субсидиялау мерзімін ұзарту туралы Лизингтік компанияның/Банктің/Даму Банкінің шешімі қ о с а б е р і л е д і .

Субсидиялау шартының қолданылу мерзімін ұзарту жыл сайын жүзеге а с ы р ы л а д ы . » ;

19-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«19. Субсидиялау сыйақының номиналды ставкасы жылдық 14 %-дан аспайтын Лизингтік компаниялардың/Банктің/Даму Банкінің Қаржы лизингі шарттары бойынша жүзеге асырылуы мүмкін, оның 7 %-ын Кәсіпкер төлейді, ал айырмасын - мемлекет өтейді. Бұл ретте, Лизингтік компания/Банк/Даму Банкі:»;

20 және 21-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«20. Егер Лизингтік компаниялардың/Банктердің/Даму Банкінің Қаржы лизингі шарты бойынша сыйақылар жылдық 14 %-дан төмен болса, онда 7 %-ын Кәсіпкер төлейді, ал айырмасын мемлекет өтейді.

21. Жобаны ӨҮК-ге шығарғанға дейін 6 айдан бұрын емес берілген Лизингтік компаниялардың/Банктердің/Даму Банкінің қолданыстағы Қаржы лизингі шарттарын субсидиялау, егер қаржыландыру теңгемен жылдық 14 %-дан асатын номиналды сыйақы ставкасы бойынша жүзеге асырылса, Лизингтік компания/Банк/Даму Банкі номиналды сыйақы ставкасын жылдық 14 %-ға дейін төмендеткен жағдайда ғана жүзеге асырылады.»;

«Субсидиялар беру үшін Бағдарламаға қатысушылардың өзара іс-қимыл т ә р т і б і » д е г е н 4 - б ө л і м д е :

23-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) Лизингтік компанияны/Банкті/Даму Банкін субсидиялар алу ниеті туралы хабардар ететін өтінішпен (Ынтымақтастық туралы келісімде көзделген нысан бойынша) және осы Қағидаларда белгіленген мөлшерге дейін Лизингтік компаниямен/Банкпен/Даму Банкімен Қаржы лизингі шарты бойынша номиналды сыйақы ставкасын азайту туралы қолдаухатымен қолданыстағы Қаржы лизингі шарты бойынша Лизингтік компанияға/Банкке/Даму Банкіне ж ү г і н е д і . » ;

25-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«25. Оң шешімі бар Кәсіпкер жергілікті деңгейдегі Бағдарлама үйлестірушісіне Кәсіпкердің өтініш-сауалнамасымен бірге жүгінеді, оған мынадай құжаттар қоса беріледі:»;

28-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«28. Жергілікті деңгейде Бағдарламаны үйлестіруші ӨҮК мүшелері хаттамаға қол қойғаннан кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде Лизингтік компанияға/Банкке/Даму Банкіне және Қаржы агентіне хаттаманың көшірмесін жолдайды.

ӨҮК шешімінің қолданылу мерзімі Лизингтік компания/Банк/Даму Банкі
ӨҮК хаттамасын алған күннен бастап 3 ай.»;
«Субсидиялау тетігі» деген 5-бөлімде:

30-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«30. Лизингтік компания/Банк/Даму Банкі қолданыстағы лизинг бойынша
Субсидиялау шартына қол қойылған сәтке дейін Кәсіпкердің негізгі борышты
уақтылы өтеу және Қаржы лизингі шартында қарастырылған сыйақылар
бойынша міндеттемелерін орындамағаны үшін айыппұлдар мен өсімпұлдарды
есептен шығаруға, ал жаңа/қолданыстағы Қаржы лизингі шарты бойынша
Лизингтік компания/Банк/Даму Банкі Кәсіпкер үшін лизингке байланысты
комиссияларды, алымдарды және/немесе өзге де төлемдерді өндіріп алмауға
және белгілемеуге міндеттемелер қабылдайды, мыналарды қоспағанда.»;

31-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«31. Субсидиялау шартын:

1) Лизингтік компания/Банк/Даму Банкі:
үлгі жобалар бойынша жергілікті деңгейдегі Бағдарламаның
Үйлестірушісінен хаттаманы алған сәттен бастап 7 жұмыс күні ішінде;
айрықша шарттары бар жобалар бойынша жергілікті деңгейдегі
Бағдарламаның Үйлестірушісінен хаттаманы алған сәттен бастап 20 жұмыс күні
ішінде Қағидаларда белгіленген нысанға сәйкес жасайды;

2) Қаржы агенті:

үлгі жобалар бойынша Лизингтік компаниядан/Банктен/Даму Банкінен
Субсидиялау шартын алған сәттен бастап 3 жұмыс күні ішінде;
айрықша шарттары бар жобалар бойынша Лизингтік компаниядан/Банктен/
Даму Банкінен Субсидиялау шартын алған сәттен бастап 10 жұмыс күні ішінде
ж а с а й д ы .

Лизингтік компания/Банк/Даму Банкі осы Қағидалардың 31-тармағының 1)
тармақшасында белгіленген мерзімде Субсидиялау шартын уақтылы жасаспаған
жағдайда, онда Лизингтік компания/Банк/Даму Банкі кідіру себептерін түсіндіріп
, Қаржы агенті мен Бағдарлама Үйлестірушісін ресми хат арқылы хабардар етеді.

Субсидиялау шарты белгіленген нысанға, Бағдарлама талаптарына және ӨҮК
шешіміне сәйкес болу шартымен оған Қаржы агенті қол қойған күніне
қарамастан оған Кәсіпкер, Банк/Даму Банкі қол қойған күнінен бастап күшіне
енеді. Бұл ретте, Субсидиялау шартының күшіне ену күні Қаржы агенті
т а р а п ы н а н түзетуге ж а т п а й д ы .

Субсидиялау мерзімі Банк/Даму Банкі және Кәсіпкер Субсидиялау шартына
қол қойған сәттен басталады.»;

мынадай мазмұндағы 31-1-тармақпен толықтырылсын:

«31-1. Егер Қаржы лизингі шартының және/немесе Субсидиялау шартының

талаптары ӨҮК шешіміне және/немесе Бағдарлама талаптарына сәйкес келмеген жағдайда Қаржы агенті Субсидиялау шартына қол қоймайды. Бұл ретте, Қаржы агенті Бағдарлама Үйлестірушісін, Банкті/Даму Банкін және Кәсіпкерді хабардар е т е д і .

Бағдарлама Үйлестірушісі, Банк/Даму Банкі ескертулерді жойған жағдайда Қаржы агенті Субсидиялау шартына қол қояды.

Жергілікті деңгейдегі Бағдарлама Үйлестірушісі, Банк/Даму Банкі Қаржы агентінің ескертулерімен келіспеген жағдайда, Бағдарлама Үйлестірушісі жобаны келісу үшін Жұмыс органына жібереді.

Жұмыс органы қарау нәтижелері бойынша Кәсіпкерді Субсидиялау мүмкіндігі не Субсидиялаудан бас тарту туралы шешімді келіседі. Келісу нәтижелерін тиісті хатпен Қаржы агентіне жібереді (бұл ретте, көшірмеде жергілікті деңгейдегі Бағдарламаның Үйлестірушісін, Банкті/Даму Банкін және Кәсіпкерді көрсетеді). » ;

36, 37 және 38-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«36. Заңды тұлғалардың банктік шоттарын ашуға және жүргізуге құқығы жоқ лизингтік компаниялар Қаржы агентімен келісім бойынша Төлем агенті - Банкті айқындайды, онда Лизингтік компания субсидияларды аудару үшін шот ашады.

37. Жергілікті деңгейде Бағдарлама Үйлестірушісі сыйақы ставкасын субсидиялау үшін көзделген қаражат түскен сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Қаржы агентіне тиісті қаржы жылында Бағдарлама шеңберінде өздерінің арасында жасалатын Субсидиялау және кепілдендіру шартына сәйкес қаражатты Қаржы агенті көрсеткен шотқа аударуды жүзеге асырады. Кейінгі төлемдер Қаржы агентінің өтінімдеріне сәйкес жүзеге асырылатын болады.

38. Субсидиялау үшін көзделген қаражатты аударуды Қаржы агенті Төлем агенті - Банкінде ашылған Лизингтік компанияның шотына/Банктегі/Даму Банкіндегі ағымдағы шотқа Субсидиялау шартына төлемдер кестесін ескере отырып, ай сайын аванстық төлемдермен жүзеге асырады. Төлем агенті – Банкі/ Банк/Даму Банкі Бағдарламада белгіленген тәртіппен Лизингтік компанияның шотынан/Қаржы агентінің ағымдағы шотынан Субсидиялар сомаларын есептен шығаруды жүзеге асырады. » ;

40 және 41-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«40. Кәсіпкердің Қаржы лизингі шарты бойынша төлемдерді (негізгі борыш пен сыйақы ставкасының Субсидияланбайтын бөлігін) толық төлеуді жүргізу фактісі бойынша Төлем агенті – Банк/Банк/Даму Банкі Лизингтік компанияның шотынан/Қаржы агентінің ағымдағы шотынан Кәсіпкердің лизингі бойынша сыйақы ставкасының Субсидияланатын бөлігін өтеу есебіне ақшаны есептен шығаруды жүзеге асырады. »

41. Төлем агенті – Банк/Банк/Даму Банкі Кәсіпкер берешекті өтегенге дейін

сыйақы ставкасының Субсидияланатын бөлігін өтеу үшін Лизингтік компанияның шотынан/Қаржы агентінің ағымдағы шотынан қаражатты есептен шығаруды жүргізбейді және мынадай жағдайларда бұл туралы Қаржы агентін 2 (екі) жұмыс күні ішінде тиісті хат арқылы хабардар етеді:

1) Кәсіпкердің лизинг бойынша төлемді уақытында өтемеуі, соның ішінде Лизингтік компания/Банк/Даму Банкі алдындағы сыйақы ставкасының Субсидияланбайтын бөлігін өтеу бойынша;

2) Кәсіпкердің қатарынан 3 (үш) ай бойы Лизингтік компания/Банк/Даму Банкі алдындағы төлемдерді төлеу бойынша міндеттемелерін орындамауы.»;
мынадай мазмұндағы 43-1-тармақпен толықтырылсын:

«43-1. Қаржы агенті Кәсіпкердің Қаржы лизингті шартының талаптарына, ӨҮК хаттамасына сәйкес оған Лизингтік компания/Банк/Даму Банкі сыйақы ставкасының Субсидияланбайтын бөлігін төлеу және/немесе негізгі борышын өтеу бойынша жеңілдікті кезең берген Кәсіпкердің лизингі бойынша сыйақы ставкасының Субсидияланатын бөлігінде субсидияларды аударуды жүзеге асыруға құқығы бар.

Бұл ретте, жеңілдікті кезең мерзімі ӨҮК шешімінде көрсетілуі тиіс.»;

44-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«44. Егер Лизингтік компания/Банк/Даму Банкі қолданыстағы Қаржы лизингі шартының талаптарын өзгерткен жағдайда, Лизингтік компания/Банк/Даму Банкі тиісті хаттың негізінде Бағдарлама Үйлестірушісін хабардар етеді. Бағдарлама Үйлестірушісі 7 (жеті) жұмыс күні ішінде жүргізілген қаржыландыру талаптарының өзгерістерін хатпен келіседі немесе келісуден бас тартады (бұл ретте, хаттың көшірмесінде Қаржы агентін көрсетеді).»;

«Субсидиялауды тоқтата тұру, тоқтату және қалпына келтіру тәртібі» деген б - б ө л і м д е :

46-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«46. Мынадай фактілер белгілі болған жағдайда Қаржы агенті Кәсіпкерді субсидиялауды тоқтата тұрады, ал ӨҮК субсидиялауды тоқтату туралы шешім қабылдайды :

1) Кәсіпкердің Субсидиялау жүзеге асырылатын Қаржы лизингі шарты бойынша лизинг нысанасын алмауы;

2) жобаның және/немесе Кәсіпкердің Бағдарлама талаптарына және/немесе ӨҮК шешіміне сәйкес келмеуі;

3) Кәсіпкер шоттарына тыйым салынуы және/немесе сот талқылауларының ө т у і ;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда борышкерден лизинг нысанасын талап етуі;

5) Кәсіпкердің Қаржы лизингі шартына төлемдерді өтеу кестесіне сәйкес

Лизингтік компания/Банк/Даму Банкі алдындағы лизингтік төлемдерді төлеу жөніндегі міндеттемелерді қатарынан 2 (екі) және одан көп рет орындамауы.»;

49-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«49. ӨҮК өткізілетін отырыс шеңберінде мынадай іс-қимылдарды жүзеге асырады:

1) Қаржы агенті ұсынған ақпаратпен күн тәртібіне енгізілген мәселені қарайды;

2) Субсидиялауды тоқтату немесе қалпына келтіру туралы шешім қабылдайды.

Бұл ретте, шешімде Субсидиялауды тоқтатудың/қалпына келтірудің негіздемесі көрсетіледі.

Кәсіпкер Субсидиялауды тоқтата тұру үшін негіз болған себептерді жойған жағдайда ӨҮК шешімі қабылданғанға дейін Субсидиялауды қалпына келтіру туралы шешім қабылдануы мүмкін.»;

51-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«51. Субсидиялауды тоқтата тұрудың мынадай жағдайларында лизинг бойынша Субсидиялауды қалпына келтіруге жол беріледі:

1) жобаның және/немесе Кәсіпкердің Бағдарлама талаптарына және/немесе ӨҮК шешіміне сәйкес келмеуі;

2) Бағдарламаға қатысушысының шоттарына тыйым салынуы және/немесе сот талқылауларының өтуі;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда борышкерден лизинг нысанасын талап етуі;

4) Кәсіпкердің Қаржы лизингі шартына төлемдерді өтеу кестесіне сәйкес Лизингтік компания/Банк/Даму Банкі алдындағы лизингтік төлемдерді төлеу жөніндегі міндеттемелерді қатарынан 2 (екі) және одан көп рет орындамауы.

Кәсіпкер Субсидиялау жүзеге асырылатын лизинг нысанасын алмаған жағдайда Субсидиялауды қалпына келтіруге тыйым салынады.»;

мынадай мазмұндағы 51-1, 51-2, 51-3, 51-4, 51-5-тармақтармен толықтырылсын:

«51-1. Кәсіпкерді Субсидиялауды қалпына келтіру туралы шешім қабылданған жағдайда Қаржы агенті тиісті хатпен Субсидиялау төлемдерінің қалпына келтірілуі туралы Лизингтік компанияны/Банкті/Даму Банкін хабардар етеді.

Бір уақытта, ол тоқтата тұру кезеңінде төлемеген Субсидияларды төлеуді жүргізеді. Осы Қағидалардың 46-тармағының 5) тармақшасында көзделген негіздер бойынша Субсидиялауды тоқтата тұрған жағдайда, Кәсіпкер лизингтік төлемдерді төлеу бойынша міндеттемелерді орындамау күнінен төлеуге жататын Субсидияларды төлеуді жүргізеді.

51-2. Кәсіпкерді Субсидиялауды тоқтату туралы шешім қабылдаған жағдайда Қаржы агенті Субсидиялау шартын бұзған күнді және бұзу себебін көрсете отырып, Кәсіпкерге, Лизингтік компанияға/Банкке/Даму Банкіне Субсидиялау шартын біржақты бұзу туралы тиісті хатпен хабарлама жолдайды.

51-3. Кәсіпкер Субсидиялауды тоқтату үшін негіз болған себептерді жойған жағдайда субсидиялауды тоқтату туралы шешім қабылданғаннан кейін Лизингтік компания/Банк/Даму Банкі мәселені ӨҮК-ге шығару туралы хатпен Бағдарлама Үйлестірушісіне жүгінеді. Бұл ретте, хатта жоба бойынша Субсидиялауды тоқтату себептерін (ӨҮК хаттамасын қоса береді) және Кәсіпкердің Субсидиялауды тоқтатуға алып келген себептерді жойғанын көрсетеді.

51-4. Бағдарлама Үйлестірушісі және ӨҮК осы Қағидалардың 6-бөлімінде белгіленген рәсімге және тәртіпке сәйкес іс-қимылдар жасайды.

Бұл ретте, Субсидиялауды қалпына келтіру туралы шешім қабылданған жағдайда, Субсидиялау мерзімі Субсидиялау шартын бастапқы жасасқан күннен ү ш ж ы л д а н а с п а й д ы .

51-5. Кәсіпкерді Субсидиялауды қалпына келтіру туралы шешім келісілген жағдайда отырыс нәтижелері бойынша Қаржы агенті тиісті хатпен Лизингтік компанияны/Банкті/Даму Банкін және Кәсіпкерді Субсидиялау төлемдерінің қалпына келтірілуі туралы хабардар етеді.

Бұл ретте, Субсидиялау тоқтатылған сәттен немесе Кәсіпкердің лизингтік төлемдерді төлеу бойынша міндеттемелерді орындамау күнінен бастап және ӨҮК субсидиялауды қалпына келтіру туралы жаңа шешім қабылдағанға дейінгі Субсидиялар сомалары Кәсіпкерге өтелмейді.»;

мынадай мазмұндағы 54-1-тармақпен толықтырылсын:

«54-1. Кәсіпкерге субсидиялау тоқтатылған, Кәсіпкердің лизинг бойынша негізгі борышын мерзімінен бұрын ішінара/толық өтеген жағдайда Лизингтік компания/Банк/Даму Банкі өзара есеп айырысуларды салыстыру актісін қаржы агентіне 7 (жеті) жұмыс күні ішінде ұсынады.»;

«Бағдарламаның мониторингі» деген 7-бөлімде:

55-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«55. Бағдарламаны іске асыру мониторингін Қаржы агенті жүзеге асырады, оның функцияларына мыналар жатады:

1) Жобаны іске асыру мониторингі (Қаржы лизингі шарты бойынша лизинг ны с а н а с ы н п а й д а л а н у) ;

2) Лизингтік компания/Банк/Даму Банкі ұсынған деректердің негізінде Кәсіпкердің субсидияланатын лизингінің төлем тәртібінің мониторингі;

3) жобаның және/немесе Кәсіпкердің Қағидалар талаптарына және/немесе ӨҮК шешіміне сәйкестігі мониторингі.»;

58-тармақ алынып тасталсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасының «Кәсіпкерлердің валюталық тәуекелін төмендету» үшінші бағыты шеңберінде жеке кәсіпкерлік субъектілеріне Қаржы лизингі шарттары бойынша сыйақы ставкаларын субсидиялау қағидаларында:

«Жалпы ережелер» деген 1-бөлімде:

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Субсидиялау үшін көзделген қаражатты жергілікті деңгейдегі Бағдарламаның Үйлестірушісі Қаржы агентіне «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасының шеңберінде өздерінің арасында жасалатын Субсидиялау және кепілдендіру шартының негізінде жергілікті бюджетке бағытталған нысаналы трансферт есебінен аударды.»;

«Терминдер мен анықтамалар» деген 2-бөлімде:

мына:

«Банк - Төлем агенті

Лизингтік компаниялардың/Даму Банкінің Қаржылық лизингі шарттары бойынша Субсидияларды аударуға және есептен шығаруға арналған Қаржы агентінің арнайы ағымдағы шотын жүргізу функциясын Қаржы агентімен келісілуі және жүзеге асыруы тиіс Лизингтік компанияның уәкілетті банкі;»

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«Банк - Төлем агенті

Қаржы агентімен келісілуі және жобалар бойынша Субсидияларды аударуға және есептен шығаруға арналған Лизингтік компанияның арнайы шотын жүргізу функцияларын жүзеге асыруы тиіс Лизингтік компанияның уәкілетті банкі;»;

мына:

«Төлем агенті

Қаржы агентімен келісілуі және Лизингтік компаниялардың/Даму Банкінің Қаржы лизингі шарттары бойынша субсидияларды аударуға және есептен шығаруға арналған Қаржы агентінің арнайы ағымдағы шотын жүргізу функцияларын жүзеге асыруы тиіс Лизингтік компания/Даму Банкінің уәкілетті банкі;»

деген жол алынып тасталсын;

«Субсидияларды беру шарттары» деген 3-бөлімде:

8 және 9-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

« 8 . Мынадай :

1) акцизделетін тауарларды шығаруды көздейтін Жобаларды іске асыру үшін жасалған ;

2) Даму Банкінен басқа, Мемлекеттік даму институттары тікелей лизинг берушісі болып табылатын ;

3) металлургия өнеркәсібінде жұмыс істейтін, минералды шикізатты қайта өңдеуді жүзеге асыратын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 1771 қаулысына сәйкес Мониторингке жататын ірі салық төлеушілер тізбесіне енгізілген кәсіпкерлермен;

4) қаржы институттары ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеуге беретін, сондай-ақ Ауыл шаруашылығы министрлігінің бюджеттік бағдарламалары

шеңберінде

субсидияланатын;

5) өз қызметін тау-кен өнеркәсібінде жүзеге асыратын кәсіпкерлермен жасалған Қаржы лизингі шарттары Субсидиялауға жатпайды.

9. Кәсіпкерлерге Бағдарламаның барлық құралдары шеңберінде кешенді қолдау көрсетіледі алады.

Негізгі құралдарды сатып алуға және/немесе жаңғыртуға және/немесе өндірісті кеңейтуге және/немесе қайта қаржыландыруға берілетін Қаржы лизингінің шарттары бойынша Субсидиялау жүзеге асырылуы мүмкін.»;

14 және 15-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«14. Субсидиялау жүзеге асырылып жатқан Қаржы лизингі шартының (тарының) сомасы бір Кәсіпкер үшін 1,5 млрд. теңгеден аспайды. Бұл ретте, Қаржы лизингі шартының(тарының) сомасы Кәсіпкердің онымен үлестес тұлғалардың/компаниялардың Қаржы лизингі шарты(тары) бойынша берешекті есепке алмай бір Кәсіпкер үшін есептеледі.

Сыйақы ставкасын субсидиялау жүзеге асырылатын Қаржы лизингі шартының сомасы 1,5 млрд. теңгеден артық, бірақ 4,5 млрд. теңгеден аспайтын болса, онда Қаржы агенті ӨҮК-ден шешім мен құжаттарды алғаннан кейін Кәсіпкер туралы ақпаратты қарауды жүзеге асырады, оны Субсидиялау/Субсидияламау бойынша ұсынымдар шығарады және материалдарды Жұмыс органына келісу үшін жібереді. Жұмыс органы мынадай жағдайларда:

1) егер Кәсіпкердің жобасын іске асыру кезінде қолданыстағыларға қатысты кемінде 10 % жаңа тұрақты жұмыс орындары құрылмаса;

2) егер Кәсіпкердің жобасы Бағдарламаның өлшемдеріне сәйкес келмесе, Субсидиялаудан бас тартады.

15. Субсидиялау мерзімі одан әрі 5 (бес) жылға дейін ұзарту мүмкіндігімен Субсидиялау шартын жасаған күнінен бастап 3 (үш) жылға дейінгі мерзімді құрайды. 3 (үш) жыл өткеннен кейін Субсидиялау шартының қолданылу мерзімін ұзартуды тиісті жылы кәсіпкерлерді субсидиялау үшін республикалық бюджеттен субсидиялау үшін қаражат бөлінген жағдайда ғана Лизингтік компанияның/Банктің/Даму Банкінің хатының негізінде ӨҮК шешімімен мақұлданады. Хатқа Кәсіпкерді субсидиялау мерзімін ұзарту туралы Лизингтік компанияның/Банктің/Даму Банкінің шешімі қоса беріледі.

Субсидиялау шартының қолданылу мерзімін ұзарту жыл сайын жүзеге асырылады.» ;

16-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«16. Субсидиялау сыйақының номиналды ставкасы жылдық 14 %-дан аспайтын Лизингтік компаниялардың/Банктің/Даму Банкінің Қаржы лизингі шарттары бойынша жүзеге асырылады, оның 7 %-ын Кәсіпкер төлейді, ал

айырмасын - мемлекет өтейді. Бұл ретте, Лизингтік компания/Банк/Даму Банкі:»;

17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«17. Егер Лизингтік компаниялардың/Банктердің/Даму Банкінің Қаржы лизингі шарттары бойынша сыйақылар жылдық 14 %-дан төмен болса, онда 7 %-ын Кәсіпкер төлейді, ал айырмасын мемлекет өтейді.»;

«Субсидиялар беру үшін Бағдарламаға қатысушылардың өзара іс-қимыл тәртібі» деген 4-бөлімде:

20 және 21-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«20. Кәсіпкер Лизингтік компанияға/Банкке/Даму Банкіне осы Қағидаларда белгіленген шарттарда сыйақының номиналды ставкасын төмендетуге арналған өтінішпен (Ынтымақтастық туралы келісімде көзделген нысан бойынша) жүгінеді.

21. Лизингтік компания/Банк/Даму Банкі жобаның қаржы-экономикалық тиімділігіне бағалау жүргізеді және лизинг бойынша сыйақы ставкасын азайту туралы оң шешім болған жағдайда, Кәсіпкерге Қаржы лизингі шартын жасасуға дайын екендігі туралы жазбаша жауап жібереді.»;

22-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«22. Оң шешімі бар Кәсіпкер жергілікті деңгейдегі Бағдарлама Үйлестірушісіне Кәсіпкердің өтініш-сауалнамасымен бірге жүгінеді, оған мынадай құжаттарды қоса береді:»;

25-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«25. Жергілікті деңгейде Бағдарламаны Үйлестіруші ӨҮК мүшелері хаттамаға қол қойғаннан кейін 1 (бір) жұмыс күні ішінде Лизингтік компанияға/Банкке/Даму Банкіне және Қаржы агентіне хаттаманың көшірмесін жолдайды.

ӨҮК шешімінің қолданылу мерзімі Лизингтік компания/Банк/Даму Банкі ӨҮК хаттамасын алған күннен бастап 3 ай.»;

«Субсидиялау тетігі» деген 5-бөлімде:

27-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) Кәсіпкердің лизинг бойынша міндеттемелерді бұзу себебі бойынша өндіріліп алынатындарды қоспағанда, Кәсіпкер үшін лизингке байланысты комиссияларды, алымдарды және/немесе өзге де төлемдерді өндіріп алмауға және белгілемеуге міндеттемелер қабылдайды.»;

28 және 29-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«28. Субсидиялау шартын:

1) Лизингтік компания/Банк/Даму Банкі:

үлгі жобалар бойынша жергілікті деңгейдегі Бағдарламаның Үйлестірушісінен хаттаманы алған сәттен бастап 7 жұмыс күні ішінде; айрықша шарттары бар жобалар бойынша жергілікті деңгейдегі Бағдарламаның Үйлестірушісінен хаттаманы алған сәттен бастап 20 жұмыс күні

ішінде Қағидаларда белгіленген нысанға сәйкес жасайды;

2) Қаржы агенті:

үлгі жобалар бойынша Лизингтік компаниядан/Банктен/Даму Банкінен Субсидиялау шартын алған сәттен бастап 3 жұмыс күні ішінде; айрықша шарттары бар жобалар бойынша Лизингтік компаниядан/Банктен/Даму Банкінен Субсидиялау шартын алған сәттен бастап 10 жұмыс күні ішінде ж а с а й д ы .

Лизингтік компания/Банк/Даму Банкі осы Қағидалардың 28-тармағының 1) тармақшасында белгіленген мерзімде Субсидиялау шартын уақтылы жасаспаған жағдайда, онда Лизингтік компания/Банк/Даму Банкі кідіру себептерін түсіндіріп, Қаржы агенті мен Бағдарлама үйлестірушісін ресми хат арқылы хабардар етеді.

29. Субсидиялау шарты белгіленген нысанға, Бағдарлама талаптарына және ӨҮК шешіміне сәйкес болу шартымен оған Қаржы агенті қол қойған күніне қарамастан оған Лизингтік компания/Банк/Даму Банкі және Кәсіпкер қол қойған күнінен бастап күшіне енеді. Бұл ретте, Субсидиялау шартының күшіне ену күні Қаржы агенті тарапынан түзетуге жатпайды.

Субсидиялау мерзімі Банк/Даму Банкі және Кәсіпкер Субсидиялау шартына қол қойған сәттен басталады.»;
мынадай мазмұндағы 29-1-тармақпен толықтырылсын:

«29-1. Егер Қаржы лизингі шартының және/немесе Субсидиялау шартының талаптары ӨҮК шешіміне және/немесе Бағдарлама талаптарына сәйкес келмеген жағдайда Қаржы агенті Субсидиялау шартына қол қоймайды. Бұл ретте, Қаржы агенті Бағдарлама Үйлестірушісін, Банкті/Даму Банкін және Кәсіпкерді хабардар е т е д і .

Бағдарлама Үйлестірушісі, Банк/Даму Банкі ескертулерді жойған жағдайда Қаржы агенті Субсидиялау шартына қол қояды.

Жергілікті деңгейдегі Бағдарлама Үйлестірушісі, Банк/Даму Банкі Қаржы агентінің ескертулерімен келіспеген жағдайда Бағдарлама Үйлестірушісі жобаны келісу үшін Жұмыс органына жібереді.

Жұмыс органы қарау нәтижелері бойынша Кәсіпкерді Субсидиялау мүмкіндігі не Субсидиялаудан бас тарту туралы шешімді келіседі. Келісу нәтижелерін тиісті хатпен Қаржы агентіне жібереді (бұл ретте, көшірмеде жергілікті деңгейдегі Бағдарлама Үйлестірушісін, Банкті/Даму Банкін және Кәсіпкерді көрсетеді).»;

33, 34 және 35-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«33. Заңды тұлғалардың банктік шоттарын ашуға және жүргізуге құқығы жоқ лизингтік компаниялар Қаржы агентімен келісім бойынша Төлем агенті - Банкті айқындайды, онда Лизингтік компания субсидияларды аудару үшін шот ашады.

34. Жергілікті деңгейде Бағдарлама Үйлестірушісі сыйақы ставкасын

субсидиялау үшін көзделген қаражат түскен сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Қаржы агентіне тиісті қаржы жылында Бағдарлама шеңберінде өздерінің арасында жасалатын Субсидиялау және кепілдендіру шартына сәйкес қаражатты Қаржы агенті көрсеткен шотқа аударуды жүзеге асырады. Кейінгі төлемдер Қаржы агентінің өтінімдеріне сәйкес жүзеге асырылатын болады.

35. Субсидиялау үшін көзделген қаражатты аударуды Қаржы агенті Төлем агенті - Банкіде ашылған Лизингтік компанияның шотына/Банктегі/Даму Банкіндегі ағымдағы шотқа Лизингтік компаниямен/Банкпен/Даму Банкімен Субсидиялауға жататын кредиттік қоржын көлемінен шыға отырып, ай сайын аванстық төлемдермен жүзеге асырады. Төлем агенті – Банкі/Банк/Даму Банкі Бағдарламада белгіленген тәртіппен Лизингтік компанияның шотынан/Қаржы агентінің ағымдағы шотынан Субсидиялар сомаларын есептен шығаруды жүзеге асырады. » ;

37 және 38-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«37. Кәсіпкердің Қаржы лизингі шарты бойынша төлемдерді (негізгі борыш пен сыйақы ставкасының Субсидияланбайтын бөлігін) толық төлеуді жүргізу фактісі бойынша Банк – Төлем агенті/Банк/Даму Банкі Лизингтік компанияның шотынан/Қаржы агентінің ағымдағы шотынан Кәсіпкердің лизингі бойынша сыйақы ставкасының Субсидияланатын бөлігін өтеу есебіне ақшаны есептен шығаруды жүзеге асырады.

38. Төлем агенті – Банк/Банк/Даму Банкі Кәсіпкер берешекті өтегенге дейін сыйақы ставкасының субсидияланатын бөлігін өтеу үшін Лизингтік компанияның шотынан/Қаржы агентінің ағымдағы шотынан қаражатты есептен шығаруды жүргізбейді және мынадай:

1) Кәсіпкер лизинг бойынша төлемді уақытында өтемеген, соның ішінде Лизингтік компания/Банк/Даму Банкі алдындағы сыйақы ставкасының субсидияланбайтын бөлігін өтеу бойынша;

2) Кәсіпкер қатарынан 3 (үш) ай бойы Лизингтік компания/Банк/Даму Банкі алдындағы төлемдерді төлеу бойынша міндеттемелерін орындамаған жағдайда бұл туралы Қаржы агентін 2 (екі) жұмыс күні ішінде тиісті хат арқылы хабардар етеді. » ;

мынадай мазмұндағы 40-1-тармақпен толықтырылсын:

«40-1. Қаржы агенті Кәсіпкердің Қаржы лизингі шартының талаптарына, ӨҮК шешіміне сәйкес оған Лизингтік компания/Банк/Даму Банкі сыйақы ставкасының Субсидияланбайтын бөлігін төлеу және/немесе негізгі борышын өтеу бойынша жеңілдікті кезең берген Кәсіпкердің лизингі бойынша сыйақы ставкасының Субсидияланатын бөлігінде субсидияларды аударуды жүзеге асыруға құқығы бар.

Бұл ретте, жеңілдікті кезең мерзімі ӨҮК шешімінде көрсетілуі тиіс.»;

41-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«41. Егер Лизингтік компания/Банк/Даму Банкі қолданыстағы Қаржы лизингі шартының талаптарын өзгерткен жағдайда, Лизингтік компания/Банк/Даму Банкі тиісті хаттың негізінде Бағдарлама Үйлестірушісін хабардар етеді. Бағдарлама Үйлестірушісі 7 (жеті) жұмыс күні ішінде жүргізілген қаржыландыру талаптарының өзгерістерін хатпен келіседі немесе келісуден бас тартады (бұл ретте, хаттың көшірмесінде Қаржы агентін көрсетеді).»;

«Субсидиялауды тоқтата тұру, тоқтату және қалпына келтіру тәртібі» деген б - б ө л і м д е :

43-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«43. Мынадай фактілер белгілі болған жағдайда Қаржы агенті Кәсіпкерді субсидиялауды тоқтата тұрады, ал ӨҮК субсидиялауды тоқтату туралы шешім қ а б ы л д а й д ы :

1) Кәсіпкердің Субсидиялау жүзеге асырылатын Қаржы лизингі шарты бойынша лизинг нысанасын алмауы;

2) жобаның және/немесе Кәсіпкердің Бағдарлама талаптарына және/немесе ӨҮК шешіміне сәйкес келмеуі, соның ішінде тиісті кезеңде валюталық түсімнің б о л м а у ы ;

3) Кәсіпкер шоттарына тыйым салынуы және/немесе сот талқылауларының ө т у і ;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда борышкерден лизинг нысанасын талап етуі;

5) Кәсіпкердің Қаржы лизингі шартына төлемдерді өтеу кестесіне сәйкес Лизингтік компания/Банк/Даму Банкі алдындағы лизингтік төлемдерді төлеу жөніндегі міндеттемелерді қатарынан 2 (екі) және одан көп рет орындамауы.»;

46-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«46. ӨҮК өткізілетін отырыс шеңберінде мынадай іс-қимылдарды жүзеге а с ы р а д ы :

1) Қаржы агенті ұсынған ақпаратпен күн тәртібіне енгізілген мәселені қ а р а й д ы ;

2) Субсидиялауды тоқтату немесе қалпына келтіру туралы шешім қ а б ы л д а й д ы .

Бұл ретте, шешімде Субсидиялауды тоқтатудың/қалпына келтірудің негіздемесі көрсетіледі.

Кәсіпкер Субсидиялауды тоқтата тұру үшін негіз болған себептерді жойған жағдайда ӨҮК шешімі қабылданғанға дейін Субсидиялауды қалпына келтіру туралы шешім қабылдануы мүмкін.»;

48-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«48. Субсидиялауды тоқтата тұрудың мынадай жағдайларында Лизинг

бойынша Субсидиялауды қалпына келтіруге жол беріледі:

1) жобаның және/немесе Кәсіпкердің Бағдарлама талаптарына және/немесе ӨҮК шешіміне сәйкес келмеуі;

2) Бағдарлама қатысушысының шоттарына тыйым салынуы және/немесе сот талқылауларының өтуі;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда Кәсіпкерден лизинг нысанасын талап етуі;

4) Кәсіпкердің Қаржы лизингі шартына төлемдерді өтеу кестесіне сәйкес Лизингтік компания/Банк/Даму Банкі алдындағы лизингтік төлемдерді төлеу жөніндегі міндеттемелерді қатарынан 2 (екі) және одан көп рет орындамауы;

5) тиісті кезеңде валюталық түсімнің тиісті деңгейінің болуын растайтын құжаттардың болмауы.

Кәсіпкер Субсидиялау жүзеге асырылатын лизинг нысанасын алмаған жағдайда Субсидиялауды қалпына келтіруге тыйым салынады.»;

мынадай мазмұндағы 48-1, 48-2, 48-3, 48-4, 48-5-тармақтармен толықтырылсын:

«48-1. Кәсіпкерді Субсидиялауды қалпына келтіру туралы шешім қабылдаған жағдайда Қаржы агенті тиісті хатпен Субсидиялау төлемдерінің қалпына келуі туралы Лизингтік компанияны/Банкті/Даму Банкін және Кәсіпкерді хабардар етеді.

Бір уақытта, ол тоқтата тұру кезеңінде төлемеген Субсидияларды төлеуді жүргізеді. Осы Қағидалардың 43-тармағының 5) тармақшасында көрсетілген негіздер бойынша Субсидиялауды тоқтата тұрған жағдайда, Кәсіпкер лизингтік төлемдерді төлеу бойынша міндеттемелерді орындамау күнінен төлеуге жататын Субсидияларды төлеуді жүргізеді.

48-2. Кәсіпкерді Субсидиялауды тоқтату туралы шешім қабылдаған жағдайда Қаржы агенті Субсидиялау шартын бұзған күнді және бұзу себебін көрсете отырып, Кәсіпкерге, Лизингтік компанияға/Банкке/Даму Банкіне Субсидиялау шартын біржақты бұзу туралы тиісті хатпен хабарлама жолдайды.

48-3. Кәсіпкер Субсидиялауды тоқтату үшін негіз болған себептерді жойған жағдайда субсидиялауды тоқтату туралы шешім қабылданғаннан кейін Лизингтік компания/Банк/Даму Банкі мәселені ӨҮК-ге шығару туралы хатпен Бағдарлама Үйлестірушісіне жүгінеді. Бұл ретте, хатта жоба бойынша Субсидиялауды тоқтату себептерін (ӨҮК хаттамасын қоса береді) және Кәсіпкердің Субсидиялауды тоқтатуға алып келген себептерді жойғанын көрсетеді.

48-4. Бағдарлама Үйлестірушісі және ӨҮК осы Қағидалардың 6-бөлімінде белгіленген рәсімге және тәртіпке сәйкес іс-қимылдар жасайды.

Бұл ретте, Субсидиялауды қалпына келтіру туралы шешім қабылданған жағдайда, Субсидиялау мерзімі Субсидиялау шартын бастапқы жасасқан күннен

48-5. Кәсіпкерді Субсидиялауды қалпына келтіру туралы шешім келісілген жағдайда отырыс нәтижелері бойынша Қаржы агенті тиісті хатпен Лизингтік компанияны/Банкті/Даму Банкін және Кәсіпкерді Субсидиялау төлемдерінің қалпына келтірілуі туралы хабардар етеді.

Бұл ретте, Субсидиялау тоқтатылған сәттен немесе Кәсіпкердің лизингтік төлемдерді төлеу бойынша міндеттемелерді орындамау күнінен бастап және ӨҮК субсидиялауды қалпына келтіру туралы жаңа шешім қабылдағанға дейінгі Субсидиялар сомалары Кәсіпкерге өтелмейді.»;
мынадай мазмұндағы 51-1-тармақпен толықтырылсын:

«51-1. Кәсіпкерге субсидиялау тоқтатылған, Кәсіпкердің лизинг бойынша негізгі борышын мерзімінен бұрын ішінара/толық өтеген жағдайда Лизингтік компания/Банк/Даму Банкі өзара есеп айырысуларды салыстыру актісін қаржы агентіне 7 (жеті) жұмыс күні ішінде ұсынады.»;
«Бағдарлама мониторингі» деген 7-бөлімде:
52-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«52. Бағдарламаны іске асыру мониторингін Қаржы агенті жүзеге асырады, оның функцияларына мыналар жатады:

1) Жобаны іске асыру мониторингі (Қаржы лизингі шарты бойынша лизинг нысанасын пайдалану);

2) Лизингтік компания/Банк/Даму Банкі ұсынған деректердің негізінде Кәсіпкердің субсидияланатын лизингінің төлем тәртібінің мониторингі;

3) жобаның және/немесе Кәсіпкердің Қағидалар талаптарына және/немесе ӨҮК шешіміне сәйкестігі, соның ішінде тиісті кезеңде валюталық түсімнің тиісті деңгейінің болу мониторингі.»;
мынадай мазмұндағы 53-1-тармақпен толықтырылсын:

«53-1. Кәсіпкер тиісті қаржы жылының 31 желтоқсанына дейін Бағдарлама Үйлестірушісіне тиісті кезеңде валюталық түсімнің тиісті деңгейінің болуын растайтын құжаттарды ұсынады.

Кәсіпкер жоғарыда көрсетілген мерзімге дейін тиісті кезеңде валюталық түсімнің тиісті деңгейінің болуын растайтын құжаттарды ұсынбаған жағдайда, Бағдарлама Үйлестірушісі тиісті хатпен Қаржы агентін жобаны субсидиялауды тоқтата тұру қажеттілігі туралы хабардар етеді және осы мәселені ӨҮК-ге шығарады.

Одан кейінгі іс-қимылдар осы Қағидалардың 6-бөлімінде белгіленген рәсімге және тәртіпке сәйкес жүргізіледі.»;
55-тармақ алынып тасталсын;

4. «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасын іске асырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 28 сәуірдегі

№ 541 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:
көрсетілген қаулымен бекітілген «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасы шеңберінде жобаларды ұйымдастыру және іске асыру үшін мемлекеттік гранттарды ұсыну қағидаларында:

«Жалпы ережелер» деген 1-бөлімде:
3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Инновацияларды енгізетін жеке кәсіпкерліктің ісін жаңа бастаған субъектілеріне, жас кәсіпкерлерге, әйелдер мен мүгедектерге (бұдан әрі - Кәсіпкерлер) мемлекеттік гранттар, бөлінген грантты мақсатсыз пайдалану жағдайларын қоспағанда, Бағдарламаға 1-қосымшаға сәйкес экономиканың басым секторларында жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін өтеусіз және қайтарусыз негізде бөлінеді.»;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Гранттарды ұсыну мақсаты Бағдарламаға 1-қосымшаға сәйкес экономиканың басым секторларында жаңа бизнес-идеяларды іске асыруды жоспарлап отырған жеке кәсіпкерліктің ісін жаңа бастаған субъектілерін, жас кәсіпкерлерді, әйелдер мен мүгедектерді қолдау болып табылады.»;

««Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасы шеңберінде жобаларды ұйымдастыру және іске асыру үшін мемлекеттік гранттар ұсыну тәртібі» деген 3-бөлімде:

«Гранттарды ұсыну тәртібінде»:
9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Бағдарламаға 1-қосымшаға сәйкес экономиканың басым секторлары шеңберінде қызметін жүзеге асыратын, осы Қағидалардың 17-тармағына сәйкес конкурстық іріктеуге құжаттарды толық көлемде ұсынған жеке кәсіпкерліктің ісін жаңа бастаған субъектілері, жас кәсіпкерлер, әйелдер мен мүгедектер (бұдан әрі - Кәсіпкерлер) гранттар ұсынуға арналған конкурстық іріктеудің қатысушылары бола алады.»;

мынадай мазмұндағы 9-1-тармақпен толықтырылсын:

«9-1. 2012 жылғы 27 қаңтардан бастап жеке кәсіпкерліктің ісін жаңа бастаған субъектілері болған және өз өтінімдерін Конкурстық комиссияның Жұмыс органына 2014 жылғы 1 қаңтарға дейін ұсынған Кәсіпкерлер де гранттар ұсынуға арналған конкурстық іріктеудің қатысушылары бола алады.».